

Тәуелсіздік – халыққа қанат бітіретін құндылық. Мұндай баға жетпес байлық кез келген халыққа бұйыра бермейді... Ең бастысы – елімізде бірлік, бейбітшілік пен келісімді сақтай білейік. Бұл – біздің тәуелсіздігіміздің басты жетістігі және алдағы жеңістеріміздің кепілі.
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ТҰЛҒАТАНУ



«НЕВАДА–СЕМЕЙ»
қазір немен
айналысады? 6-7

ТӘУЕЛСІЗДІК–30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ 12-13

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 25 тамыздағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
848 468

II компонентпен
696 873

адам вакцина салдырды

ХАЛЫҚ САНАҒЫ – 2021



«ҚАЗАҚСТАНДА
ӨРКІМ МАҢЫЗДЫ!»

ЕЛІМІЗДЕ ҰЛТТЫҚ
ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ
БАСТАЛУЫНА

05

КҮН ҚАЛДЫ

www.almaty-akshamy.kz



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №102 (6078) 26 тамыз, бейсенбі, 2021 жыл.

«Алматы мектептері постковидтік кезеңде: Білім сапасы, балалардың денсаулығы және отбасының рөлі» онлайн-форумы

ДӘСТҮРЛІ ОҚУҒА ДАЙЫНДЫҚ

Мектептерде эпидахуалдың тұрақты мониторингі жұмыс істейтін болады



Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев Тамыз кеңесінде мегаполис мектептерінде офлайн-режимде білім беру қалай ұйымдастырылатынын айтты.

«Алматы мектептері постковидтік кезеңде: Білім сапасы, балалардың денсаулығы және отбасының рөлі» атты онлайн-форум барысында мегаполис

басшысы Бақытжан Сағынтаев жаңа оқу жылында қаланың 287 мектебі 300 мыңға жуық оқушыға есік ашатынын айтты. 1-сыныпқа 30 мыңнан астам бала барады.

Жаңа оқу жылы қарсаңындағы маңызды міндеттер – балаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін қауіпсіз және жайлы жағдай жасау, балалар мен қызмет-

керлердің денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету, оқыту-тәрбиелеу процесін сапалы ұйымдастыру, оның ішінде балалардың білімдерін жетілдіру және психологиялық қолдау көрсету.

2

ИНДЕТПЕН КҮРЕС

ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ КҮРДЕЛІ



Мегаполистегі эпидемиологиялық жағдай әлі де ушығып тұр. Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында «Коронавирус штамының дельта айналымы және денсаулық сақтау жүйесінің дайындығы» тақырыбында өткен онлайн-конференция барысында Алматы қаласы Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы, қаланың бас мемлекеттік санитар-дәрігері Жандарбек Бекшин осылай мәлімдеді.

– 25 маусымнан қазіргі уақытқа дейін эпидемияның төртінші толқыны COVID-19 «дельта» нұсқасына байланысты жалғасуда. Эпидемияның бұл толқынының шарықтау шегі 12 тамызға сәйкес келеді, ал эпидемияның дамуы 29 шілдеден қазіргі уақытқа дейін жалғасуда және күніне шамамен 1,5-1,6 мың жағдай тіркеледі, – деді Ж.Бекшин.

8

ҚЫСҚА...

- Қазақстандық шахматшы Бибисара Асаубаева әйелдер арасында Азия чемпионы атанды.
- 27 тамызда магистральдық желілерге жаңа су құбырын қосу үшін (9.00-ден 20.00-ге дейін) Алматы ауданының Шәріпов – Қарасай батыр – Байзақов – Төле би көшелері аумағындағы тұрғын үйлер мен ғимараттарға суық су беру тоқтатылады.
- Қазақстанда халықаралық «АрМИ-2021» ойындары басталды. Қазақстан Республикасының аумағында өтетін Армия халықаралық ойындарына ресми старт берілді.
- Елімізде ауыл, аудан және қала мәртебесін беру стандарты әзірленеді.
- Мүмкіндігі шектеулі баланың ата-анасының бірі жалақыдан ұсталатын жеке табыс салығынан босатылады.
- Еліміздің мектептерінде домбыра үйрету пәні енгізілуі мүмкін.



«Алматы мектептері постковидтік кезеңде: Білім сапасы, балалардың денсаулығы және отбасының рөлі» онлайн-форумы

ДӘСТҮРЛІ ОҚУҒА ДАЙЫНДЫҚ

Мектептерде эпидахуалдың тұрақты мониторингі жұмыс істейтін болады



(Басы 1-бетте)

Осыған орай, қала әкімі Б.Сағынтаев Білім басқармасына Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментімен және Қоғамдық денсаулық басқармасымен бірге мектептерде 1 қыркүйектен бастап санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тұрақты мониторинг жүргізуді тапсырды. Сонымен қатар, күнделікті профилактикалық іс-шаралардың жүргізілуіне және мектептердің қажетті дезинфекциялық және басқа қорғаныс құралдарымен жабдықталуына бақылау орнатылады. Бұдан өзге, мектептерде науқас балалар анықталған жағдайда оларды кейін қашықтан оқытуға ауыстыру үшін алгоритм әрекеттері әзірленді. Білім басқармасына ата-аналар қауымдастығымен сапалы кері байланыс орнату, оның ішінде ата-аналарға кеңес беру үшін барлық білім беру ұйымында «сенім телефондары» мен call-орталықтардың жұмыстарын жандандыру тапсырылды.

«Оқытудың дәстүрлі форматына оранудың маңызды шарттарының бірі – білім беру саласы қызметкерлерін вакциналау. Бүгінде медициналық қарсы көрсеткіштері барын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін 33 мыңнан астам қызметкер 100% вакцина алды», – деді Б.Сағынтаев.

1 қыркүйекке дейін жеке білім беру ұйымдарының қызметкерлерін вакциналау аяқталады. Қазірдің өзінде 10 мыңнан астам адам немесе 95%-ы екпе салдырды.

Жаңа оқу жылы қарсаңында мектептерде және оған жақын аумақтарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша профилактикалық шаралар күшейтілді. Бүгінде барлық білім беру ұйымы ішкі және сыртқы бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз етілген, 239 ұйымда (33 балабақша, 187 мектеп, 15 интернат, 4 колледж) бұл жүйелер Полиция департаментінің Жедел басқару орталығына қосылған.

ШАҒАРДА 8 ЖАҢА МЕМЛЕКЕТТІК МЕКТЕП САЛЫНУДА

«Карантиндік шектеулерге қарамастан оқушы орындарының тапшылығын азайту және қалалық білім беру мекемелерінің желісін одан әрі кеңейту мақсатында өткен жылдан бастап біз бірден бірнеше жобаны іске асыра бастадық», – деп атап өтті Б.Сағынтаев.

Мәселен, қазіргі кезде қалада 12 600 орынды 8 мемлекеттік мектептің, сондай-ақ қолданыстағы мектептер жанынан салынып жатқан 8263 орынды 17 жаңа корпусың құрылысы жүрде. Биылғы оқу жылының басында 4150 орынды 9 жаңа корпус пайдалануға беріледі, 4113 орынды тағы 8 жаңа корпус жыл соңына дейін жұмысын бастайды. Сонымен қатар, оқу жылының басында қалада 2120 орынды 8 жекеменшік мектеп ашу жоспарлануда. Таяу арада 3500 орынды тағы 4 мемлекеттік мектепті, 4400 орынды 11 жаңа корпусы салу жоспарлануда. Сонымен қатар жеке инвесторлармен бірге 4 мектептің жобалық қуатын ұлғайта отырып, реконструкциялау және 6 мың орынды 5 жеке ұйым ашу жоспарлануда.

Жоспарға сәйкес сейсмикалық нығайту және бірнеше мектеп ғимараттарын күрделі жөндеу жұмыстары да жалғасуда. Сондықтан

оқу үдерісіне кедергі келтірмеу үшін оқушыларды уақытша көшіру ұйымдастырылды.

Шаһар басшысы Жайлы қалалық орта басқармасы мен Білім басқармасына ағымдағы құрылыс пен жөндеу жұмыстарының барысына тиісті бақылауды және олардың уақытылы және сапалы аяқталуын қамтамасыз етуді тапсырды.

ЖЕКЕМЕНШІК БАЛАБАҚШАЛАР ҚОЛЖЕТІМДІ

Мегаполис басшысы жаңа оқу жылында мектепке дейінгі білім беру саласында өткен жылы қолға алынған бастамаларды іске асыру жөніндегі жұмыстардың жалғасатынын атап өтті.

«Біз қазірдің өзінде мектепке дейінгі салаға жеке секторды тартудың жақсы үрдісін көріп отырмыз. Бұл жеке инвесторлар арасында жүргізілген белсенді түсіндіру жұмыстарының, сондай-ақ қала әкімдігінің айтарлықтай қолдауының арқасында мүмкін болды», – деді Б.Сағынтаев.

Мәселен, осы жылдың басынан бері қалада 72 жекеменшік балабақша жұмыс істеп, ол балабақшаларға 4 мыңнан астам бала барады. Олардың 42-сі жазғы кезеңде ашылды. Осылайша қазіргі кезде қалада барлығы 860 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, оның 22%-ы немесе 189-ы мемлекеттік меншікте. Бүгінде 1 жастан 6 жасқа дейінгі 69 490 бала мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылған, оның ішінде 3 жастан 6 жасқа дейінгілер – 63 920 бала.

Биыл мемлекеттік білім беру тапсырысы өткен жылмен салыстырғанда, 102 44 орынға ұлғайтылды және орналастырылды, оның ішінде ағымдағы жылы ашылған 4378 орынды 67 жаңа жеке балабақша да бар. Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамтуды ұлғайту және балабақшалардағы кезекті азайту мақсатында өткен жылдан бастап мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс істейтін жаңадан ашылған жекеменшік балабақшалардың тамақтану құнын жергілікті бюджет қаржысы есебінен субсидиялау механизмі белсенді түрде енгізілді.

Үкіметтің қолдауымен әкімдіктің бұл бастамасы жеке мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленетіндердің ата-аналарын қолдауға, жеке ұйымдардың қолжетімділігін арттыруға, сондай-ақ мемлекеттік және жекеменшік балабақшаларға бару құнын теңестіруге бағытталған. Биыл жергілікті бюджеттен азық-түлік шығындарын өтеуге 343 миллион теңгеден астам қаржы қарастырылған.

Жаңа балабақшаларды салу жалғасуда. Бүгінде Бостандық және Наурызбай аудандарында 360 орынды 3 мемлекеттік балабақшаның құрылысы аяқталды және Түркісіб ауданында 280 орынды балабақшаның құрылысы жалғасуда. Жақын арада 1920 орынды тағы 10 мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымның құрылысы жоспарлануда.

Әуезов ауданында ұзақ мерзімді жалға беруден қайтарылған әрі күрделі жөнделіп, сейсмикалық күшейтілген 315 орынды мемлекеттік балабақша балаларды қабылдауға толық дайын.

Нақтылы шаралар аясында қайтарылған 640 орынды бұрынғы мемлекеттік балабақшалардың 2 корпусына қайта жаңарту жұмыстары жүргізілетін болады. Бұдан өзге, әкімдік Алмалы, Әуезов және Жетісу аудандарында әрқайсысы 320 орынға есептелген тағы 4 балабақшаны сатып алады.

КОЛЛЕДЖДЕРДІҢ ОҚУ ЖАБДЫҚТАРЫ ЖАҢАРУДА

Жаңа оқу жылында 82 колледждің 68 мыңнан астам студенті дәстүрлі білім беру форматына оралады. ТЖКБ ұйымдарында мектептердегіге ұқсас санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің профилактикалық шаралары қабылданып, барлық колледж, студенттер тұратын жатақханалар «Ashyq» жобасына қосылған.

Биыл «Жас маман» жобасы аясында ТЖКБ ұйымдарды заманауи құрылғылармен материалдық-техникалық жабдықтау жалғасатын болады.

«Егер өткен оқу жылында 8 колледж заманауи қондырғылармен жабдықталған болса, биыл біз тағы 10 колледжді қамтамасыз етеміз. Өткен жылғы жұмыс тәжірибесіне сәйкес жаңа зертханалар, шеберханалар ұйымдастырылады, студенттер бұларда практикадан өтіп, алған білімдерін іс жүзінде пайдаланатын болады», – деді Б.Сағынтаев.

Сонымен қатар, қала әкімі Білім басқармасына мектептерде кәсіптік бағдар беру жұмысын жақсартуды, бұл мәселені шешуге жұмыс беруші кәсіпорындарды кеңінен тартуды, колледждердегі Құзыреттілік орталықтарының жұмыстарын жандандыруды тапсырды.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ФОРМАТТА ОҚИТУ 15 ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАЛАДЫ

Балаларды қосымша біліммен қамтуды ұлғайту үшін қолданыстағы мектептен тыс ұйымдар модернизациялануда. Мысалы, өткен жылы №5 балалар музыкалық мектебінің ескі нысаны сүріліп, оның орнына жаңа заманауи ғимарат салынды. Биыл тағы 3 Оқушылар үйін жаңарту жұмыстары басталды, қазір жобалық сметалық құжаттарды дайындау кезеңі жүріп жатыр.

Биылдан бастап Алатау мен Наурызбай аудандарында 2 заманауи көпсалалы инновациялық шығармашылық Орталықтардың құрылысы басталады, қолданыстағы Оқушылар сарайы модернизациялануда.

«Сонымен қатар, біз осы саладағы жеке сектормен ынтымақтастықты күшейту туралы шешім қабылдадық және мектептен тыс жеке ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырыстарын орналастыру үшін жергілікті бюджеттен қаржы бөлдік», – деді Б.Сағынтаев.

Мемлекеттік тапсырыс аясында 5 мың орын бөлінеді, оның ішінде музыкалық бағытқа 600 орын және 4 мыңнан астам орын туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық, ғылыми-техникалық, көркемдік және басқа да бағыттар бойынша. Бұл ретте қосымша білім беру тек білім беру желісі арқылы ғана емес, бұл іске Мәдениет және Спорт басқармалары да белсенді түрде қатысуда. Осыған орай, білім беру тапсырысымен қатар 8750 орынға мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырыстарды орналастыруға жергілікті бюджеттен де қаржы бөлінді.

Жайлы жағдай жасау және балаларды спортқа тарту үшін жергілікті бюджет есебінен де, жеке инвестиция тартумен де мектептердің спорт алаңдары модернизациялануда.

Бүгінгі таңда МЖӨ аясында 2 спорт алаңын қайта жаңарту аяқталды және 8 алаңда жұмыс жалғасуда. Жергілікті бюджет есебінен тағы 33 спорт алаңы жаңаруда, осы мақ-

саттарға 1 млрд.-қа жуық теңге бөлінді. Қабылданған шаралар мектептен тыс ақысыз біліммен балаларды кеңінен қамтуға мүмкіндік береді.

«АЛМАТЫ МЕКТЕПТЕРІ» БАҒДАРЛАМАСЫ ӘЗІРЛЕНУДЕ

Сонымен қатар, мегаполис басшысы Бақытжан Сағынтаев білімнің сапасы мен инклюзивтілігін арттыру мәселесін де көтерді. «Пандемия бүкіл білім беру жүйесінің осалдығын айқын көрсетті. Сондықтан осы дағдарыс ықпал еткен инновациялар мен шығармашылық біздің білімімізді сапалы, инклюзивті және тұрақты ету үшін қолданылуы тиіс әрі бұл өте маңызды», – деп атап өтті Б.Сағынтаев.

Қала әкімінің айтуынша, қашықтан оқытуға көшудің алғашқы күндерінен бастап мұғалімдердің технологиялық даярлық мәселесі назарда болды және жұмысты ұйымдастыру тәсілдерін қайта қарау қажеттілігі туындады.

«Сондықтан өткен жылдан бастап қаладағы білім сапасының төмендеуіне жол бермеу және өзгермелі ортада оның дамуын қамтамасыз ету үшін біз жетекші қазақстандық және халықаралық сарапшылармен бірге «Алматы мектептері» атты арнайы үш жылдық бағдарламаны әзірлеуге кірістік», – деп хабарлады Б.Сағынтаев.

Бағдарламаның мәні заманауи тәсілдер, әдістер мен тәжірибелер негізінде мұғалімдер мен мектептің басқару құрамын сапалы әрі жаңаша даярлау.

«Бағдарлама постковидтік кезеңде білім беру жүйесін «оңалтуға» бағытталған шаралардың бірі және оны іске асыру қажетті оң нәтиже беретініне сенімдіміз», – деді қала әкімі.

Сонымен қатар, шаһардағы Болат Өтемұратовтың қоғамдық қорымен бірге «Жасыл мектеп» мектеп фермерлігінің жобасы іске қосылды. Биылғы оқу жылынан бастап 16 білім беру ұйымының аумағында жылыжайлар жыл бойы жұмыс істей бастайды. Осылайша көршілес аумақтарды көгалдандыруды кеңейтуге болады, ең бастысы, бұл балаларға түрлі дақылдардың өндірісі туралы көбірек білуге мүмкіндік береді. Бұл балалар үшін танымдық жоба болып саналады.

«Жаңа оқу жылында ата-аналармен жұмысқа ерекше назар аудару қажет, өйткені, олар оқу процесінің маңызды қатысушылары болып табылады. Олардың көпшілігі мұғалімдер сияқты, пандемия мен қашықтан оқыту кезінде қиындықтарға тап болды. Сол үшін оларға да біздің қолдауымыз қажет», – деді Б.Сағынтаев.

Сондықтан Білім басқармасына Қамқоршылық кеңестер мен ата-аналар комитеттерінің қызметін жандандыру, сондай-ақ, мүдделі органдармен бірлесе отырып, әлеуметтік осал және аз қамтылған отбасыларға қолдау көрсету жөніндегі жұмысты күшейту тапсырылды.

МҰҒАЛІМДЕР ҮШІН ЖАҢА БАЙҚАУ БАСТАЛДЫ

Қала басшысы форумға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде дәстүрлі форматтағы жұмысты жаңғырту үшін алда тұрған маңызды міндеттердің талқыланығанын атап өтті.

«Бұл міндеттерді тиімді шешуде басты рөл мұғалімдерге тиесілі. Сондықтан жаңа оқу жылында біз мұғалімдерді қолдау шараларын жүзеге асыруды жалғастырамыз. Бірінші кезекте олардың кәсіби шеберліктерінің өсуін ынталандырамыз», – деп атап өтті мегаполис басшысы Бақытжан Сағынтаев.

Онлайн-оқыту тәжірибесі бүгінде мектептердің жаңашылдыққа, инновацияға ашық, өзін үнемі дамытуға және шығармашылық өсуге ұмтылатын мұғалімдер мұқтаж екенін айқын көрсетті.

«Біз мұғалімдерге осындай мүмкіндік бергіміз келеді, сондықтан бүгін біз Н.Назарбаевтың Білім қорымен бірге басты мақсаты цифрлық технологияларды оқыту мен меңгеруді және цифрлық педагогиканың үздік әдістері тәжірибесін үйрететін Digital Ustaz Almaty жаңа байқауының басталғанын хабарлаймыз», – деді Алматы қаласының әкімі.

Байқау 3 кезеңде өтеді. Олардың әрқайсысына білім беру саласындағы жетекші халықаралық спикерлер, вебинарлар мен мастер-кластардың көшбасшылары қатысады.

Байқау жеңімпаздары үшін бағалы сыйлықтар қарастырылған, ал бірінші орын иегері білім тағылымдамасынан өту үшін Лондонға немесе Хельсинкиге барады.

«Мұғалімдерді Digital Ustaz Almaty байқауына белсенді қатысуға шақырамын. Осылайша олар біліктіліктерін арттырумен қатар, цифрлық дәуірде жұмыс істеудің жаңа тәсілдерін зерттеуге қадам жасайтын болады», – деді Б.Сағынтаев.

Дайындағандар
Рая ЕСКЕНДІР,
Гүлжаннат СЕМБЕВА.



ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

Тұрғындар мәселесін шешуді тапсырды

«Nur Otan» партиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы, қала әкімі Бақытжан Сағынтаев партияның қоғамдық қабылдауында азаматтарды қабылдады.

Онда шаһар басшысы алматылықтарды толғандырған сауалдарға жауап беріп, сала басшыларына бірқатар мәселелердің тездетіп шешілуін тапсырды. Мәселен, Ж.Сатыбалдиев Аян Ғалиевті еске алу құрметіне Мемлекеттік кірістер департаментінің ғимаратына мемориалдық тақта орнату туралы әріптестерінің өтінішін жеткізді. Ол Алматының Мамандандырылған күзет қызметі басқармасының қызметкері 2016 жылдың 18 шілдесінде МКД ғимаратын күзету әрі қарулы қылмыскерді ұстау кезінде қайтыс болған.

Шаһар басшысы бұл мәселені қаланың мәдени тарихы ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссияда қарауды тапсырды. Сондай-ақ, болашақ ұрпаққа сабақ болатын ерлікті еске алу керектігін айтты.

Ал Art Forum of Kazakhstan ұйымдастыру комитетінің төрайымы Р.Юсупова айтқан аспаптық орындауға арналған халықаралық бай-

қауды қолдау мен алға жылжыту туралы мәселе зерттеледі. Іс-шара онлайн-режимде жоспарланған.

Медеу ауданының әкіміне «Алматы Су» басшысымен бірге Байқоңыр, Заречная, АЕВРЗ, Көңіл толқыны көшелері тұрғындарын сумен қамту мәселесін шешу бойынша жұмыстың барысын түсіндіру үшін оқиға орнына баруды тапсырды. Сондай-ақ, О.Панинаның өтініші бойынша тасымалданатын судың сапасына бақылауды күшейту де тапсырылды.

«Шұғыла сити» тұрғын үй кешенінің тұрғыны Д.Тұрсымбаевтың мәселесі бойынша Алматы қаласының әкімі кешенді газбен жабдықтауды тездетуді тапсырды. Сыртқы газ құбырының қысымын сынау аяқталғаннан кейін абоненттерді қосу жоспарлануда.

Алатау ауданының «Мәдениет» шағынауданында газ құбырының құрылысын тездету мүмкіндігі де зерттеледі. Бұл мәселені шағынауданның тұрғыны Б.Оразбек көтерді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БӘРЕКЕЛДІ!

Үздіктер лайықты бағаланды



Әсел
ДАҒЖАН

Шаһардағы үздік мектеп 34 миллион теңгені ұтып алды.

Мегаполисте қала басшысының қатысуымен өткен Тамыз кеңесінде үздік білім беру ұйымдары анықталды.

М.Мақатаев атындағы №140 дарынды балаларға арналған мектеп-гимназия «үздік орта білім беру мекемесі» болып танылып, ұжым 34 миллион теңге көлеміндегі әкімнің грантын жеңіп алды. Қаражат мектептің материалдық-техникалық жабдықтауына бағытталады.

Ал қалалық №34 гимназияның командасы «Үздік мектеп кітапханасы» байқауының

жеңімпазы атанып, мектеп директорына екі миллион теңгенің сертификаты табыс етілді.

Жаңа оқу жылы мен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай шаһар басшысы үздік мұғалімдер мен ұйымдарды марапаттады. Бірқатар мұғалімдер «Ел ағарту ісінің құрметті қызметкері», «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгілеріне ие болып, қала әкімінің «Еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

ОНЛАЙН-БРИФИНГ

Құрылыс қарқыны зор Мегаполисте әлеуметтік нысандарды кешенді дамыту жүзеге асуда



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен онлайн-брифингте Жайлы қалалық орта басқармасының басшысы Сапар Нұрашев Алматыдағы жаңа тұрғын үйлердің құрылыс қарқыны туралы айтты.

Баспасөз конференциясы кезінде С.Нұрашев «Нұрлы жер» бағдарламасы тұрғындардың тұрғын үйге қолжетімділігін арттырудың жаңа тәсілдерін дамытуға бағытталғанын баса айтты. 2021 жылы оны жүзеге асыруға 40 млрд. теңге бөлінді. Оның айтуынша, «Нұрлы жер» бағдарламасының арқасында биыл қаладағы жүздеген отбасы өздерінің жеке шаршы метрлі баспаналарын алады.

Биыл қолжетімді тұрғын үйлердің ауқымды құрылысы жалғасуда. Мемлекеттік бағдарлама аясында Алматы қаласында ағымдағы жылы жалпы ауданы 248,5 мың шаршы метр болатын немесе 3937 пәтерлі қолжетімді тұрғын үйді пайдалануға беру жоспары бекітілді. Оның ішінде 1889 пәтер тұрғын үй сатып алу құқығынсыз жалға беріледі және 2048 пәтер банк салымшылары мен

жергілікті атқарушы органдардың кезегінде тұрғындар үшін несиелік тұрғын үйге арналған.

Бірінші жартыжылдықта Алматыда Наурызбай ауданының «Алма Сити-5» тұрғын үй кешенінде 38 үйдің құрылысы аяқталды. Яғни бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 1254 пәтерлі немесе 82,37 мың шаршы метр 44 үй пайдалануға берілді. Ал Түркісіб ауданында өткен жылдың соңында «Жас қанат-2» шағынауданын дамыту басталды. Сонымен қатар, мұнда 1500 балаға арналған мектеп салынады. Қалған 6 үйге конкурс жарияланды. Олардың құрылысы биыл басталып, 2022 жылы аяқталады.

Жайлы қалалық орта басқармасының басшысы тұрғын үй кешендері құрылысының аяқталуы бірқатар мемлекеттік бағдарламалар аясында қалалықтарды тұрғын үймен қамтамасыз ететінін айтты. 1254 пәтердің барлығы несиелік баспана ретінде беріледі.

«Тұрғын үй салумен қатар, білім беру мен денсаулық сақтаудың әлеуметтік нысандарын кешенді дамыту жөруде. Құрылысты жүргізушілер өздерінің жеңілдіктері мен келерінде мектептер, балабақшалар мен

медициналық мекемелер салуды да қарастырған. Кейіннен бұл нысандар қаланың коммуналдық меншігіне өтеді, тиісті механизм әзірленуде», – дейді С.Нұрашев.

Басқарма басшысы Наурызбай ауданының «Таусамалы» және «Ақжар» шағынаудандарында әрқайсысы 120 орынды екі балабақша салынғанын атап өтті. Сондай-ақ, Әлеуметтік қызметтер үйінің (Достық даңғылы, 85), Балалардың әлеуметтік бейімделу орталығының, №23, 71, 186 күндізгі балабақшалардың, №81 мектептің және №6 емхананың сейсмикалық күшейту және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

8 мектепте құрылыс, 17 мектепте кеңейту жұмыстары жүріп жатыр

Алматының Жайлы қалалық орта басқармасының басшысы Сапар Нұрашев бірінші кезектегі өзекті мәселе – мектептер мен балабақшалар салу екенін айтты.

Басқарма басшысының айтуынша, Алматыдағы барлық жаңа мектептерді салуда заманауи әлемдік стандарттар және соңғы жетістіктер ескеріледі. Ол қазіргі балалар заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған жаңа кеңістікте білім алуға қызығушылық танытады деп есептейді. Сондықтан Алматыда жаңа типтегі мектептердің құрылыс процесі жалғасады. Сонымен қатар, Алатау ауданында Теннис орталығының, «Жас қанат», «Құлагер», «Алатау», «Айнабұлақ-2», «Кемел» шағынаудандарында дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысын аяқтау жоспарлануда. Сондай-ақ, 2021 жылы 21 жоба іске қосылды. Мектептер мен балабақшалар күрделі жөндеуден өтеді, «Кемел» шағынауданында ауысымына 200 келушіге арналған отбасылық-дәрігерлік амбулатория, Балалардың жедел жәрдем орталығы, Depo Evolution Park, үйсіздерге әлеуметтік көмек көрсету орталығы, Мемлекеттік қуыршақ театрының жаңа ғимараттары, ал Бостандық ауданында төрт көлікке арналған өрт сөндіру депосы салынады.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Мегаполисте 1-сыныпқа биыл

30 000-нан астам
бала барады.



Қаланың мемлекеттік білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін

33 мыңнан астам
қызметкер 100% вакцина алды.



Оқу жылының басында

4150 орынды
9 жаңа корпус пайдалануға
беріледі.



Мегаполисте барлығы

860 мектепке дейінгі ұйым
жұмыс істейді.



Биыл Алматы мектептерінде

300 000-ға жуық
оқушы білім алады.



Жаңа оқу жылында

82 колледждің **68** мыңнан
астам студенті дәстүрлі оқу фор-
матына оралады.



QAZAQSTAN30

«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»

Алжан ШАРИПОВ,
«Отандастар қорының» кеңесшісі:



— Жасым 24-те болса да, осы күнге дейін Тәуелсіздіктің құндылығын түпкілікті түсіне қоймаппын. Себебі, тәуелді болу дегенді тек тамыры терең тарих беттерінен ғана оқығам. Мен де, құрдастарым да егемен елде туып, Отанымызбен бірге өсіп-өркендеудеміз. Бағзыда баһадүр батыр бабаларымыз байтақ жерімізді жаудан қорғаса, дархан даламыздың данасы атанған аталарымыз ұлт мүддесі үшін аянбай күресті. Ақ жаулықты апаларымыз ана тіліміз бен салт-дәстүрімізді сақтап, алтын құрсақты аналарымыз қайсар ұл, қазақы қасиетке бай қыз тәрбиеледі. Осы құндылықтардың барлығын өскелең ұрпаққа аманат етіп қалдырды. Ендеше, аманатқа қылдай қиянат жасалмауы керек.

Бірде таксидегі бейтаныс жігіт «Осы біз еліміздің дамуына қандай үлес қосып жатырмыз?» деді. Қапелімде тосырқап, тосын сұраққа жауап таппай, біраз ойланым қалдым. Сол кезде жүргізуші «Дәл қазір елімнің дамуына менің қосатын үлесім — адал еңбек етіп, отбасымның жақсы өмір сүруіне жағдай жасау және балаларымның білімді азамат болуы үшін жақсы тәлім-тәрбие беруім», — деп сөзін сабақтады. Бұл маған ерекше әсер етті. Осыдан соң ойға шомып, ішкі түйсігіммен түйгенім: Шынында да, әрбір азамат елінің өсіп-өркендеуіне осылайша өз үлесін қосса, алда өңсерер белестеріміз де көп болмақ. Сонда отбасынан басталатын Отанымыз да гүлденіп, егемен еліміздің де еңсесі биіктей түсері анық! Көптің көсегесі көгерсе, тәуелділіктен арылады, ешкімге күні түспейді. Ал қазаны майлы, халқы бай мемлекет біреуге бодан болмайды.

Демек, тәуелсіздіктің қайнар көзі халықтың қауқарына, әлеуметтің әлеуетіне байланысты. Ендеше, ерінбей еңбек етіп, еңсемізді тіктеуіміз керек.

Ержан ӘДІЛЖАНҰЛЫ,
«Jas Otan» ЖҚ мүшесі:



— Тәуелсіздігіміздің арқасында өнегелі ұрпақ сан саланы бағындырып, үздіксіз дамумен өсіп келе жатыр. Бүгінгі жас ертеңгі ел бастайтын азамат болады. Елбасымыз өз сөзінде: «Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек», — деген болатын. Бүгінгі таңда жаңа бағытта жастарға жаңа жобалар мен тың идеялардың мүмкіндіктері берілуде.

Атап айтқанда, «Жастар кадрлық резерві», «Жастар практикасы», «Жастар керуені», «Жаса» жас кәсіпкерлерді қолдау сынды жобалар атқарылуда. Сондай-ақ, біздің жастарымыз әлемнің үздік жоғары оқу орындарында, Назарбаев Университетінде білім алуға мүмкіндігі зор. Еліміздің жоғары оқу орындары да халықаралық стандарттарға сай келуін Елбасымыз талап етіп отыр. Осындай жобалардың бірі — «El nugasu». Тарихи мұраны дамытуға бағытталған бұл жобаның да өзіндік ерекшелігі мен артықшылықтары бар. Жоба жастардың тарихты ұмытпауын, оны әр кезде есте сақтауын мақсат етеді. Ең кереметі, жеңімпаздар «Жастар керуені» жобасына қатысуға мүмкіндік алады. Ал бұл дегеніміз, қаншама еліміздің жастары республикамыздың өзге өңірлеріне саяхат жасап, сол жердің өшпес мұрасымен танысады. Баршаңызды тұғырлы Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Үлмекен ЕРДАЛИЕВА,
студент:



— Тәуелсіздік — кез келген адамның, ұлттың, халықтың, елдің еркіндігі, өз алдында дербестігі. Тәуелсіздік — сіздің тыныстап отырған, еркін әрі бақытты күн кешіп жатқан Отаныңыз.

Әлемде 200-ге тарта тәуелсіз мемлекет бар. Олардың өзі тілі, діні, ділі, салты мен дәстүрі, ғұрпы, мәдениеті дамыған. Оған қоса ішкі және сыртқы экономикасы да қалыптасқан.

Қазақстан — өз Әнұраны, Елтаңбасы, Көк байрағы мен ұстанымы бар зайырлы мемлекет. Тәуелсіз мемлекет ретінде тындырған істеріміз де аз емес. Өңірге ғана емес, әлемге танылды. Дүниедегі күллі елдермен байланыс орнатып, тереземіз барша мемлекетпен теңесті. Бұл да — Тәуелсіздіктің жемісі. Ендеше, егемен ел атанған Қазақстан үшін күллі мерекенің атасы — Тәуелсіздік!

Әзірлеген
А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ



АТА ЗАҢЫМ – АЙБЫНЫМ!



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Адам баласының өмір сүруі белгілі бір заңдылыққа бағынатыны секілді, әлемді мекен еткен кез келген мемлекеттің де негізгі заңы болуы шарт. Ол заңның барлық елдегі мойындалған атауы — Конституция. Конституция — мемлекеттің төлқұжаты, Тәуелсіздігіміздің ең басты тірегі, бейбітшілік пен татулықтың ең басты тетігі. Биыл азат елдің айбары болған Ата Заңымызға — 26 жыл!

Осы орайда Ата Заңымыз туралы қызықты мәліметтерді назарға ұсынып отырмыз. Еліміздің басты заңын толық оқымаған болсаңыз, бұл сізге таптырмайтын ақпарат болмақ.

- 1995 жылы Конституция жобасын талқылауға үш миллионнан астам Қазақстан азаматы жұмылдырылған.
- ҚР Конституциясы қабылданғаннан кейін небары үш-ақ рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Ол — 1998, 2007 және 2011 жылдар. • Тәуелсіздіктің 10 жылдық, 15 жылдық, 20 жылдық мерейтойлары құрметіне арнайы пошта маркалары жарық көрді. 2005 жылы 10 жылдық құрметіне 72 теңгелік номиналды марка, 2010 жылы 15 жылдыққа, 2015 жылы 20 жыл толуына орай пошталық марка шығарылды.

- Ата Заң мәтінінің орысша нұсқасына (7168 сөз) қарағанда, қазақ тіліндегі нұсқасында (8904) сөз көп. Оның ішінде «және» сөзі жиі қайталанады екен. Заңда бұл сөз 224 рет кездеседі. Ал «Республика» сөзі 126 рет (орысшасында 305), «Қазақстан» сөзі 111 рет, «Парламент» сөзі 82 рет, «бап» сөзі 100 рет қайталанады.

- Конституциядағы ең көп бап қарастырылған бөлім — «Парламент» (61 бап), ал ең аз бап «Адам және азамат» (39 бап) бөліміне тиесілі.

- Қазақстанның алғашқы Конституциясы 1926 жылы 18 ақпанда КСРО құрылғаннан кейін және РСФСР-дің 1925 жылғы Конституциясын ескере отырып, Қазақ АССР Орталық Атқару комитетінің қаулысымен түпкілікті

редакцияда қабылданған. Осы Негізгі Заң басқару нысанын, мемлекеттік құрылысты, саяси режимді, мемлекеттік билік органдарының, атқарушы-шешуші органдардың құрылымын бекітті. Конституцияға сәйкес Қазақстан РСФСР құрамындағы тең құқықты республика болды.

- Конституция күнінің құрметіне 2014 жылы Елордада ең ұзын «Италия пироги» пісірілді. Ол жоспардағыдай 15 метр болып шықпағанымен, 5 метрге жетіп, рекорд орнатты. Бұл пирогтан қаладағы Конституцияға байланысты сұрақтарға жауап берген тұрғындар дәм татты.

- Конституцияның баспалық нұсқасының 30-дан астам түрі бар. Оның ең қарапайым, жұмсақ мұқабалы түрін 200–500 теңгеге сатып алуға болады. Оның өте қымбат тұратын түрлері де бар.

Интернет арқылы өткізілген бәс-саудада Конституцияның ең қымбат нұсқасы 130 мың теңгеге сатылды, онда Президенттің қолтаңбасы бар болған.

ЭКСПЕДИЦИЯ



Айым
НҮРМАН

Тұғыры биік Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Батыр бабалар жолымен» тарихи-танымдық экспедициясы басталды.

«Ұлы Даланың есімдерін» ұлықтауға орай және батыр бабамыз Қаракерей Қабанбай батырдың 330 жылдығы қарсаңында тарихи маңызы бар шайқас орындарын қарастырып, зерттеп, тарихи белгілері бар жерлерді анықтау мақсатында ұйымдастырылған. Экспе-

дицияда Құсман Шалабаевтың ұйымдастыруымен осы тұрғыда тарихтың «ақтаңдақ» беттерін ашу істері қамтылады. Астары мағыналы тарихи орындарды ұрпаққа көрсетіп, оларды ұлтжандылыққа үйрететін мұндай іс-шара елімізде алғаш рет қолға алынып отыр.

Сонымен қатар, экспедиция жұмысы барысында осы аталған тарихи орындардың тарихына байланысты жергілікті қариялардан сұхбаттар жазып алу жоспарда бар. Нәтижесінде келешекте рухани жаңғыруға қатысты және ішкі туризмді дамыту бағыты үшін де тарихи орындардың координаттары GPS арқылы белгіленеді.

— Қазақстан аймағында әлі де зерттелмеген шайқас орындары көптеп кездеседі. Экспедиция жұмыстарының барысында Өлкетану бағытын дамыту мәселесінде қолға алып, тарихта ізі қалған орындар насихатталады. Елі үшін ат үстінен түспей, қасықтай қаны қалғаныша шайқасып, ұрпағының қамсыз ғұмыры үшін жанын қиған бабаларымыздың

ізін айқындау, ұрпақ санасына сіңіру міндетім деп түсінемін. Мұндай үлгі боларлық игі істерді болашақ жас ұрпаққа таныстыру, насихаттау және оларды тәрбиелеу мақсатында қолға алып жатырмын. Экспедицияға жүктелген негізгі міндет те сол, бабалар салған сара жолды зерттеу. Ұлы батыр бабамыз Қаракерей Қабанбайдың 330 жылдығы қарсаңында осы шараларды қолға алып, нәтижесін зерттеп, көрсетіп, тарихи тағылымдарға құрметпен қарау негізгі мақсатым болып табылады. Қазақстан тарихындағы зерттелмеген жерлер мен шайқас орындарды дәріптейтін бұл бастаманың жас ұрпаққа берері мол. Ғылым жолында жүрген жастарға жол көрсетіп, мемлекетімізге пайдасы бар маңызды шараны жүзеге асырып, ашылмаған сыры мен құпиясы көп жерлердің сырын ашып, өскелең ұрпағымызға мұра қылып қалдыра берейік, — дейді бастамаға мұрындық болған қоғам қайраткері Құсман Шалабаев.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Идеямен жүлдегер атан!

«Өз бизнесіңді баста» байқауына өтінімдер қабылдау басталды. Биылғы жылдың жүлде қоры — 300 000 доллар.

«Сәби» қайырымдылық қоры «Өз бизнесіңді баста-2021» жас қазақстандық кәсіпкерлерді қолдаудың жыл сайынғы VIII байқауының басталғаны туралы хабарлайды. Байқау «Сәби» қорының президенті Әсел Тасмағамбетованың жетекшілігімен, қазақстандық бизнесмен және меценаттардың қолдауымен өткізіледі.

Байқауға қатысу үшін бір минуттық бейнетаспаға түсіріп, онда сіздің жобаның не үшін грант алуға лайықты екенін түсіндіріңіз керек.

Байқауға 18 жастан 35 жасқа дейінгі бизнес иелері, сондай-ақ әлеуеті жақсы бизнес-идея иелері қатыса алады. Барлық мәліметтерді entrepreneur.saby.kz сайтынан табуға болады. Өтінімдер 19 қыркүйекке дейін қабылданады. Сондықтан кемшіліктер болған жағдайда өтінімді түзетуге уақыт болуы үшін қазірден бастап өтініш беруге кеңес береміз.

«ASHYQ» ЖОБАСЫ

Бизнеске рұқсат беріледі

«Ashyq» жобасына қатысатын бизнес нысандарына бірқатар жеңілдіктер берілетін болды. Мұндай шешім ел аумағында коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында қабылданды.

28 тамыздан бастап «Ashyq» жобасына қатысатын барлық бизнес нысандарына демалыс күндері сағат 24.00-ге дейін, «Ashyq» жобасының көшбасшыларына — «Ashyq» қосымшасы арқылы расталған қызметкерлер мен келушілердің «жасыл мәртебесі» (вакцина алғандар, 7 күннен кем емес теріс нәтижесі бар ПТР тестінің болуы) болған жағдайда сағат 02.00-ге дейін рұқсат беріледі.

Ал осы жылдың 30 тамызынан бастап жұмыс күндері: «Ashyq» жобасына қатысатын барлық бизнес нысандарының жұмыс уақыты 22.00-ден 24.00-ге дейін, «Ashyq» жобасы көшбасшыларының жұмыс уақыты 24.00-ден 02.00-ге дейін ұзартылады.

Эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, Алматыда карантиндік іс-шаралардың жеңілдетілуін осы жылдың 4 қыркүйегінен бастап демалыс күндері, ал жұмыс күндері 6 қыркүйектен бастап енгізу жоспарлануда.

Әзірлеген Әсел ДАҒЖАН.



БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ



Уақыт оздырмай орындады

Кеше редакциямызға «Almaty akshamy» газетінің тұрақты оқырманы, алматылық Мұхтар Бағланов хабарласты. Аптасына үш мәрте «Ақшамды» оқып, қаладағы жаңалықтардан хабардар болып отыратын оқырман кейінгі уақытта газеттен көз жазып қалыпты. Соның себебін білгісі келіп телефон шалған екен.

Біз дереу «Қазпошта» АҚ-ның бөлім басшысы Нұрлан Жанайдаровқа хабарластық. Оқырман тілегін орындау үшін ол бірден жауапты мамандарды іске қосып, лезде ресми хат жазып, жауап қайтарды. «Пошта қызметі» УРП менеджері Дәурен Мақашов оқырманымыздың уа-

қытылы газет алмауына газет таситын пошташының ауруханада жатқаны себеп болып отырғанын және ол келесі аптада ауруханадан шығатынын жеткізді. Жауапты маман оқырманымызға хабарласып, жағдайды ескертіп, мүмкіндіктері болса қазірше газетті өздері келіп алып тұруды өтінген. Бүгін оқырманымыз мән-жайға қаныққанын, сол себепті газеттерін алып келгенін айтып, хабарласты. Оқырман бізге, біз «Қазпоштаға» риза болдық.

Міне, тұрғындардың талап-тілек, шағымдары уақыт оздырмай осылай шешіліп отыратын болса, қандай ганибет!

«Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін!»

Қазақша жазылған оқырман сауалына аудан әкімдігі мемлекеттік тілде емес, орыс тілінде жауап бергені дұрыс болмады



Газетіміздің №101 санында С.Серікбайұлының «Көкті көктей солдырған мекемеге жаза бар ма?» деген шағын мақаласы жарияланған болатын.

Онда ол Абай көшесі бойындағы «Технодом» сауда үйіне тиесілі аулаға отырғызылған ағаштардың

жаппай қурап қалғаны туралы айтқан. «Бұл мекеме қаланы көгалдандыру саясатына қарсы ма, әлде шаһарымызды көркейтуге атсалысқысы келмей, оған немқұрайды қарағаны ма? Бұған кім жауапты?» деген сауалымызға Бостандық ауданының әкімдігі әлеуметтік желідегі парақшамызда көгалдандыру мәселесіне қатысты қала тұр-

ғынының жанайқайына алғыс айта келіп, жасыл желектерді суару жұмыстары әр ауданда мердігер компаниялардың көмегімен жүргізілетінін жеткізді. Бір әйтеген-айы, қазақша жазылған оқырман сауалына аудан әкімдігі мемлекеттік тілде емес, орыс тілінде жауап бергені дұрыс болмады.

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ

Таза жерде өмір сүргіміз келеді

Гагарин көшесімен төмен (Жандосов көшесінің қиылысы) жүріп келе жатқанда ешқандай қоқыс тастайтын жәшік жоқ.

– Күн ыстықта кейде көшеде келе жатып сусын ішесің, темекі шегетіндер бар, балалар түрлі тәттілер жейді дегендей... Енді сол тәттілерден босаған қораптарды жұрт қайда тастайды? Жан-жағыма қарасам, жол бойында бірде-бір қоқыс жәшігі жоқ. Мінеки, мынау Гагарин көшесінің бойы... Босаған темекінің, кәмпиттің қорабы, бос құтылар әр жерде шашылып жатыр. Көшеде келе жатқан адам қоқыс тастау үшін аулаларға қарай жүгіріп жүрмейді. Сол үшін көше бойында арнайы шағын урналардың тұруы қажет деп есептеймін. Біз ел тамсанып, жұрт қызығатын Алматыдай алып шаһарда тұрамыз. Атына заты сай болуы үшін қаламызды таза ұстауға тырысайық. Егер әдемі, таза жерде өмір сүреміз десек, баршамызға ортақ тазалық мәселесін бірге шешейік. Ешкім елей бермейтін нәрсе болса да, ескеретін жайт, – дейді қала тұрғыны Аида Қанағатқызы.



МЕДЕУ АУДАНЫ

Жаяу жүргінші жолы қажет



лысқан жерлердің ешқайсысында бірде-бір жолдан өтетін тротуар жоқ. Үлкен де, кіші де көп жүретін көшеге шұғыл арнайы тротуар қажет. Бізді аландатып отырғаны да осы жәйт, – дейді аудан тұрғындары.

Әлеуметтік желідегі парақшамыз арқылы Медеу ауданы әкімдігіне жолдаған сауалымызға олар Алматы қалалық мобильділік басқармасы мамандарының жауабын жіберіпті: Онда: «Мектеп маңындағы аумақтарда жол белгілері мен жаяу жүргінші жолдарын салу жоспарда болу керек» делінген. Қайтарған жауаптың соңы сенімсіздеу айтылған секілді, күмәнді болып тұр. Сіз қалай ойлайсыз, оқырман? Неде болса, әліптің артын бағайық. Бұл аймақ біздің бақылауымызда болады!

ЖЕТИСУ АУДАНЫ

Тасада тұрған жол белгісі



«Көкжиек» шағынауданындағы орталық көшеде бір бағытта жүруге арналған ескерту белгісі бар.

Бірақ ол талдың тасында қалып қойған. Әлгі тақтаны біреу арнайы барып ашып көрмесе, еш адам баласы байқамауы мүмкін. Мұны көрген жол сақшылары «көлік жүргізуші қарсы жолға шығып, ереже бұзды» деп айыппұл салатыны сөзсіз. Енді айтыңызшы, бұзылған жол ережесіне жүргізуші айыпты ма, әлде «жасырынып» тұрған ескерту тақтасы кінәлі ме? Бұған кім жауапты?



Семей ядролық полигонының жабылуының отыз жылдығы қарсаңында «Невада–Семей» халықтық қозғалысының бастамашысы және көшбасшысы Олжас Омарұлы Сүлейменовпен әңгімелескен едік.

Олжас Сүлейменов – қазақтың біртуар ақыны, жазушы, қоғам және саяси қайраткер, әдебиеттанушы, зерттеуші ғалым, дипломат, Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақ КСР Халық жазушысы. Көптеген іргелі лингвистикалық еңбектердің авторы, «Alatau Aqqarat» медиахолдингі Шығармашылық даму жөніндегі кеңесінің төрағасы.

– Осыдан тура 30 жыл бұрын тәуелсіз мемлекетте халықтың күшімен алғаш рет ядролық полигон жабылды және тұңғыш рет еліміз өз еркімен ядролық қарулардан бас тартты. Осының нәтижесінде әлемде де бірнеше полигон жабылды.

Полигондар жабылды, бірақ оның зардабы әлі ондаған жылдарға созылады. Қазір «Невада–Семей» қозғалысы қай бағытта жұмыс істейді, соңғы жылдары қандай жетістіктерге жетті?

– «Невада–Семей» КСРО мен Қазақстандағы алғашқы экологиялық қозғалыс болды. Біз бірінші болып табиғаттың ядролық ластануымен күресуді бастадық. Біздің ұранымыз: «Таза ауа, таза жер, таза су». Соңғы онжылдықтарда не бітіре алдық?

КСРО-ның ыдырауына аз ғана уақыт қалғанда бүкіл әлем «Невада–Семей» таратқан хабарламаларға құлақ түре бастаған еді. Тарихта алғаш рет XX ғасырда құрлықтың алтыншы бөлігін алып жатқан мемлекет – Қазақстанның халқы өз жері мен өз өмірін қорғау үшін бас көтерді. Полигонға жақын орналасқан облыстардағы екі миллионнан астам қазақстандық біздің 1989 жылы 28 ақпанда бастаған «Полигон жабылсын!» атты жанайқайымызға қолдау білдірді. Бұл күн қозғалыс ардагерлерінің ғана есінде.

Елбасы «Рухани жаңғыру» ұранын енгізгенін бәріміз білеміз. Бірақ өткен тарихты білмей, рухани жаңғыру мүмкін емес. Сондықтан өткен-кеткенімізді түгендеуге ұмтылдык, бірақ нақты ғылыми дерек таппадық. Біздің санамызда «Көшпенділерде тарих қайдан болсын?» деген түсінік қалыптасып қалған. Өткенімізге деген осындай көзқарас ежелден бар. Тіпті, бергідегі тарихымызды да біле бермейміз. Еліміздегі XX ғасырдың екінші жарты жылдығындағы қандай тарихи оқиғалар халықтың жадында? Мұндай оқиғалар саясатпен санарлық. Ал біздің қозғалыс тарихымызды әлем тарихында маңызы бар бірнеше оқиғалармен толықтырды. Бұл ісімізбен мақтануға, жастарды тәрбиелеуге, қоғамдық сананы жаңғыртуға болады, бірақ біз жар сала бермейміз. Мектеп оқулықтарына енгізуге сұранып тұрған фактілер жоқ емес.

Ең алғаш полигондағы жарылыс 1949 жылдың 28 тамызында басталды. 1989 жылдың 28 ақпанында біздің қозғалыс пайда болды. Ең соңғы жарылыс 1989 жылдың 19 қазанында жерді күңіреткен еді. 1991 жылы 29 тамызда Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Семей ядролық полигоны мәңгілікке жабылды. Көбінесе, осы маңызды күн ғана жиі айтылады. Негізі, жоғарыдағы барлық маңызды күндер туралы жастар біліп жүруі керек. Сонда ғана жер бетіндегі 5 полигонның бірін Қазақстан халқы жойғанын бәрі білетін болады.

Ядролық сынақтардың тоқтатылғаны туралы ресми құжат болған жоқ, бірақ жарылыстар тоқтады. Бұл біздің қолымыздан келгеніне әлем сене бастады. Жер планетасындағы барлық антиэскери, антиядролық қоғамдық ұйымдардың ішінде жарылыстарды тоқтату біздің қолымыздан келді. Неге? Біз алғаш рет ерекше әдісті қолдандық, біздің стратегиямыз дұрыс болып шықты. Халық пен КСРО Жоғары кеңесінің құрамындағы парламенттің күшін біріктіріп, мықты «Ядросыз әлем» фракциясын құрдым. Бұл дегеніміз – 500 дауыстың ішінде 150 белсенді дауыс деген сөз. Фракция халықтық қозғалыстың сөзін сөйлеп, 1989 жылы 20 қараша-

«НЕВАДА–СЕМЕЙ»

қазір немен айналысады?

да Жоғарғы Кеңестің Семей полигонын жабу мәселесін қарауына мұрындық болды. Осы акция біздің ары қарайғы бағытымызды айқындап берді. Бұл біздің «Әлем сайлаушылары ядролық қаруға қарсы» деген ұранымызда көрініс тапты.

Барлық ядролық мемлекеттер мен антиэскери ұйымдарға «Әлем сайлаушылары ядролық қаруға қарсы» атты тұңғыш Халықаралық конференцияға шақырту жібердік. Конференция 1990 жылдың мамырында сол кездегі Алма-Атада өтті.

Ел егемендігі мен біздің қозғалыстың 30 жылдығы атқарылған игі істер мен жетістіктерді қорытындылауға, еске түсіруге түрткі болып отыр. Конференцияда аса маңызды мәселені көтере отырып, біз Ғаламдық антиядролық альянстың құрылуына себепкер болдық. Бұл альянсқа Шығыс пен Батыстың барлық беделді деген антиэскери, антиядролық ұйымдары кірді.

Альянстың ауқымды конференциясын 1991 жылы Нью-Йорктегі БҰҰ штаб-квартираларының бірінде өткіздік. Сол жерде біздің күрестің негізгі мақсаты – ядролық қаруды ұлттық қорғаныс құралы мәртебесінен айыру туралы мәселе көтерілді.

Біз табиғат пен адамзатты қорғау үшін барын салған КСРО-дағы алғашқы қозғалыс құрдық. Басқаша айтқанда, тұңғыш экологиялық ұйым. 90-шы жылдары және кейінгі жылдары біздің қозғалыс белсенділері ядролық жарылыстың салдарымен күресті. Өйткені, «бейбіт» жарылыстар тек белгілі полигондарда ғана емес, белгісіз полигондарда да болған еді. Біздің тәжірибеміз облыстар мен



аудандарда, қалаларда экологиялық топтар мен ұйымдардың құрылуына көмектеседі. Міне, соңғы үш жылдан бері «Байтақ болашақ» экологиялық альянсы күш алып келеді. Бұл дегеніміз, қазіргі кезде экологиялық мәселелердің маңызды екенін көрсетеді.

Адамзат үшін экологияны сақтау мәселесі алғашқы орынға шықты. Қазір атомдық соғыс болмауы мүмкін, себебі, ядролық алпауыт елдердің басшыларына аздап ақыл кірді, бірақ экологиялық апат басталып та кетті. Адамзат ғасырдың ортасына дейін жете ала ма деген сұрақ туындап отыр.

Ал бізде, қазақстандықтарда 2050 жылға керемет жоспарымыз бар. Өркениетті 30 елдің қатарына енуіміз керек. Бұған да жетеміз, бірақ ол үшін бүкіл әлемде біздің әріптестеріміз бірігіп, жер шарында ашық аспан, таза өзен, таза жерді сақтау үшін күресуіміз керек.

«МЫҢ БІР СӨЗ»

– Сіз – зерттеуші-ғалымсыз, сіздің тарихқа, тіл мен жазудың дамуына қатысты өзіндік көзқарасыңыз бар. Сұхбаттарыңыздың бірінде «Тысяча и одно слово» еңбегіңіз бен жана лингвистикалық әдістемелеріңіз жайлы айтқан едіңіз. Сіздің айтуыңызша, бұл еңбек филологиялық түсінікті түбегейлі өзгертеді, бұған ескі мектеп қарсы шығады. Осы туралы нақтырақ айтып беріңізші.

– Бұл кітаппен бірнеше онжылдықтан бері жұмыс істеп келемін. Қосымша осы та-

қырыпты ашуға көмектесетін басқа да кітаптар да басылып шығып жатыр. Кітап не жөнінде? Сөз туралы. Ғылыми тілтану XIX ғасырда пайда болды. Сөз бен тілдің пайда болуын шіркеу Құдайдан деп санайды. Сөзді адамдар шығарды деген болжамды ең алғаш Швейцария университетінің ғалымы Фердинанд де Соссюр айтқан болатын. Ол өзінің шәкірттеріне «Кез келген сөз еркін пайда болды» деп айтатын. Еуропаның ғалымдары осы пікірді іліп әкетіп, сөздің пайда болуы туралы ғылымның, этимологияның негізі етті.

Енді сөз тарихының беткі қабаттарын қазбалауға мүмкіндік туды, яғни сөз қалай таралды, фонетикалық жағынан қалай дамыды деген секілді болжамдар ғылыми түрде дәлелдене бастады. Лексеманың жүйелік өзгерістері мен архаикалық формаларын қалпына келтіру этимологияның негізгі мақсаты болды. Ал жасанды архетип қалай пайда болды, бұл ешкімді қызықтырмады. XX ғасырдағы барлық этимологиялық сөздіктер Соссюрдің «Кез келген сөз еркін пайда болды» деген тұжырымын басшылыққа алды.

Осыдан бірнеше жыл бұрын «Язык письма» атты кітабым шықты. Бұл еңбек тақырыпты ашуға бағыт береді. Кітап сөздің пайда болуын алғашқы жазу иероглифпен байланыстырады. Ал бейнелі жазу белгісі еркін пайда болмаған, ол нақты бір затты бейнеледі.

Меніңше, қазақстандық ғылым жақын аралықта фундаментальды салалар бойынша өзін танытуы сқіталай, бірақ гуманитарлық салада әжептәуір жетістікке жетуі мүмкін.





Қазақстанда этимологияның жаңа әдістері жасалды, бұл көптеген түрік, славян, басқа тілдердің тарихи маңызын ашуға мүмкіндік береді. Егер бірнеше университетте филология («сөзді сүю») тек сынақ пен емтихан тапсыру үшін ғана оқытылмай, мамандар осы тақырыпты ашу үшін еңбек етсе, бес жылдың ішінде қазақстандық филология «Жаңа тілтану» саласында үлкен жетістікке жетер еді. Бұл дегеніміз, біздің ғалымдардың Президент айтқан қоғамдық сананы жаңғыртуға қосқан үлесі болар еді.

Сонда біз тілдердің қашан пайда болғанын, алғашқы жазу Ежелгі Азияда ма, Жерорта теңізінде ме, Қытайда пайда болды ма, білетін едік. Бұл деректер бізде жоқ артефакт музейлерде емес, ауызекі тілде, көне сөздерде сақталған.

Тарихтың бұл мұрағатын өшіруге, көшіруге, редакциялауға келмейді. Бізде қазір сөздің құпиясын ашатын «алтын кілт» бар. Мұны қолданбау – кезекті мәрте мәдениетке деген салғырттық.

Сондықтан қолымыздағы кілтті өзгелер қағып кетпей тұрғанда, қолдауымыз керек. Этимологияның жаңа әдісі туралы мен өзімнің «Код слова» (2013 жыл) кітабымда жаздым. Ал Халықаралық этимологиялық сөздік «1001 слово» кітабын шығаруға халықаралық авторлар ұжымы күш салуы қажет, алдымен қазақстандық ғалымдар бастауға міндетті.

Ата-бабаларымыздың Шумер жазулары, Египеттегі папирусқа жазылған жазулар, Ежелгі Қытайдағы тасбақаның қабына жазылған жазбалар арқылы қалдырған іздерін жарты ғасырға жуық іздеп, зерттеп, зерделендіктен, ежелгі адамзат тарихында түркілердің мәдениетті, зиялы, мемлекетшіл болғанын дәлелдейтін сөз бен жазу белгілері бар екенін нақты айта аламын.

Қазір тек археологтар ғана емес, лингвист-этимологтар да табылған деректерді талдайды, олар оғызбаба (түріктердің, әзербайжандардың, түркімендердің бабасы), қыпшақбаба (қазақтардың, татарлардың, қарашайлардың бабасы), бұлғарбаба (чуваштардың бабасы) және басқа да ата-бабаларымыз өздерінің іздерін қайда, қашан қалдырғанын айта алады.

Ежелгі қазақтар өздерінің атауларын бірнеше рет өзгертті. Бірақ тілдің грамматикалық нормалары дактилоскопия секілді қазақтың сөздерін әлемнің кез келген бұрышынан, мыңжылдықтардан таба алады.

АҚЫН ЖӘНЕ ЖАЗУШЫ

– Ақын, жазушы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы. Бір кездері кітап шығару қаншалықты қиын болғанын, қазір қаншалықты оңай екенін өзіңіз жақсы білесіз. Алайда, қазір нағыз әдебиет өте аз. Бүгінде жазушылар бірлестігінде не болып жатыр? Жалпы, жазушылар ұйымы бар ма өзі? Кітап құндылық болып қала ма?

– Кез келген елде қоғамдық сананы қалыптастыру қарапайым орта мектептерде тарих, әдебиет пәндерінде жүреді, рухани жаңғыру да солай. Сосын әрине, үйдегі сөздегі кітаптарыңыздың ықпалы зор. Кітап өсіп келе жатқан, білімге құмар адамға «адам» феноменін түсінуге, өзінің қай этносқа жататынын білуге, «Біз кіміз?», «Мен кімін?»

деген сұрақтарға жауап табуға мүмкіндік береді.

Соңғы үш онжылдықта бірнеше жаңа буын ауысты, олар үшін көркем әдебиеттің орнын смс-тер басты. Бұрын «ең көп оқитын» мемлекеттің қоғамдық санасы өзгерді. Сондықтан осы 30 жылда әдебиет пен гуманитарлық пәндерді жоғалтып алғанымыз өкінішті. Менің айтып отырғаным, нағыз әдебиет пен ғылым. Pulp Fiction («Криминальное чтиво») көп данамен басылады және жақсы сатылады, псевдоғылыми академиялық дүниелер де дәл солай. Өкінішке қарай, әдебиет те, ғылыми тілтану да мамандық болудан қалды.

Кітап оқу миды да, рухты да дамытады, адамның ойлауын, сезінуін күшейтеді. Сонда адамға секс, таныстық, міндеттен гөрі махаббат, достық, парыз деген дүниелер жақынырақ болады.

Егер халық арасында ұлтымыздың зиялы элитасы болатындай адамдар көп болса, өзара келісімге келу де, кез келген мәселені бейбіт түрде шешу де оңай болар еді.

Қандай жағдайда да цифрлық заманда әріптен тұратын кітапсыз өмір сүру мүмкін емес. «Сан» – әлемнің күрделі картинасын сан түрлі бояумен салатын Суретші қылқаламының бір ғана қимылы. Цифрлық заманнан соң тағы басқа заман келеді, ал кітаптың дәурені сол кезде де аяқталмайды.

Өкінішке қарай, соңғы отыз жылда әдебиеттен сән кеткен соң сын және аударма жанры да жоғалды. Мысал келтірейін. Жақында маған Лев Толстойдың «Воскресенье» романының аудармасын алып келді. Аударған адам барынша тырысыпты, үш жыл жұмыс істеген. Мен бір ғана ескерту айттым. Толстойша – «Воскресенье» – бұл демалыс күні емес (жексенбі), тірілу, қайта туу екенін түсіндірдім.

Қазақ әдебиетіне де қайта тірілуді тілер едім.

АЛМА-АТА

– Қалалық газет ретінде бәріміздің сүйікті қаламыз Алматы туралы сұрақ қоймау мүмкін емес. Естүімізше, белгілі бір топ Алматыға бұрынғы Алма-Ата атауын қайтару бастамасын көтермек екен. Бұған сіздің пікіріңіз?

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев біздің туған қаламызға өте жақсы назар аударады. Ол өзінің Алматыға келген іссапарларының бірінде қаланың соңғы жылдардағы сәулетіне қатысты сын-пікірін де айтқан болатын. Осы сыннан кейін қала басшысы Бақытжан Сағынтаев халықты Алматыны дамыту жобаларын талқылауға белсенді атсалысуға шақырды. Алғашында халық мұндай ұсынысқа сенер-сенбесін білмей, күмәнмен қараған еді, кейіннен жайлап кірісе бастады. Қазір бұл қалыпты жағдайға айналды, қаланы дамытудағы маңызды деген мәселелер халық арасында кеңінен талқыланады. Мен де бұл керемет бастаманы қолдаймын, құрылысшы ретінде емес, әдебиетші, лингвист, тарихшы ретінде құптамын.

1992 жылдан бастап елімізде көшелердің, қалалар мен ауылдардың атауы өзгертіле бастады. Жаңа атаулармен ғалымдар емес, әкімдіктің қарапайым қызметкерлері айналысты. Кеңес заманындағы компартия мүшелерінің есімдерінен, саяси терминдерден құтылу керек болды. Олардың аттары этникалық тарихымыздағы есімдермен ал-




мастырылды. Ал ол кездегі ғылыми білім XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы кезеңінен ары асқан жоқ. Бұл біздің қалаларымыздың географиясына да әсер етті.

Алдымен даңғылдар мен көшелерге белгілі батырлардың есімі берілді, батырлардың тізімі біткен кезде XIX–XX ғасырлардағы ақын, жазушы, қоғам қайраткерлерінің аты-жөнімен жалғасты. Кейбір ұлылардың аттарын ысырып, замандастарымыздың есімі көшелерге беріле бастады. Менінше, миллиардтаған адамдардың өмірін құтқарушылардың бірі Луи Пастердің атын қалдыру керек еді, Космонавтов атауынан бас тартпауға болар еді. Адамзат баласы ең алғаш ғарышқа қазақ даласынан, Байқоңырдан ұшқанын неге ескерусіз қалдырдық. Ал Интернациональная көшесін неге өзгерттік, біз бұл терминнен, түсініктен бас тарта алмаймыз ғой. Біз ТМД елдеріндегі ең интернационалды республика емеспіз бе?

Ойымды қорыта келе айтарым, тек оңтүстік астанамызда ғана емес, еліміздің басқа да елді мекендерінде кейбір көшелер мен алаңдардың атауы қайтарылғанын қалар едім. Соның ішінде Алма-Ата атауын қалпына келтіруді қолдаймын. Дәл осы атау дыбысталуы, мағынасы жағынан да біздің қаламызға жарасады.

Орталық Азияда XX ғасырда ашық, әуезді дыбысталатын үш астана болатын Самарқанд, Ашхабад және Алма-Ата. – Бұл қалалар қонақжайлылық пен туризмнің символы. Кейіннен Алма-Ата екі ашық және дауысты дыбысынан айырылып қалды, аның орнын жартылай дауысты ы әрпі басты. БІ әлемнің дамыған тілдерінде айтылмайды. Алматылық ретінде қала тұрғындарына айтарым, өз қаламыздың ежелгі тарихи атауын қайтарайық!

Әзірлеген
Айнұр СЕНБАЕВА.





БРИФИНГ

ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
ЖАҒДАЙ КҮРДЕЛІАйжан
БҮРКІТБАЕВА

Жалғасы. Басы 1-бетте

Эфир барысында Алматы қаласы санитарлық-эпидемиологиялық ведомство басшысы эпидемияның 2021 жылдың шілдесі мен тамызында қалай дамығаны туралы баяндады.

Санитарлық дәрігерлердің айтуынша, шілде айының бірінші аптасында **2843** жұқтыру, екінші аптада **5324** жағдай, үшінші аптада **6397** жаңа оқиға, шілде айының төртінші аптасында **9852** жағдай тіркелген. Тамыздың бірінші аптасында Алматыда **10728** адам инфекция жұқтырды, екінші аптада КВИ жұқтырғандар саны **10529** адамды, ал үшінші аптада — **10786** адамды құраған.

Ж.Бекшин 18 және 19 тамызда ПТР нәтижелері серпілісінің неліктен тіркелгенін түсіндірді. Оның пікірінше, бұл азаматтардың демалыстан кейін жұмысқа шығуына орай профилактикалық шараларды қатандатуға байланысты орын алуда. Симптомсыз КВИ түрлері тамыздың **13–17** күндері **5,5%**-дан **18** тамызда **6%**-ға және **19** тамызда **7,5%**-ға дейін өскен.

— Бұл жағдай оқу жылының басына дейін өседі, өйткені демалушылардың көпшілігі жұмысқа шыққан кезде ПТР зерттеулерінің саны артады, — деді Ж.Бекшин.

Сонымен қатар, R саны (инфекциялардың берілу индексі) айдың басындағы **1,2**-ден **25** тамызға дейін **1,03**-ке дейін төмендеді, бұл эпидемиялық толқынның рецессиясының басталуын білдіреді.

— Осы көрсеткіштерді ескере отырып, эпидемияның дамуы тамыз айының соңына дейін тіркелген тағы **11** мың корона-вирустық жағдаймен пессимистік болжам бойынша жүріп жатыр және КВИ төмендеуінің қыркүйек айының екінші жартысына ауысуда. Бір ай ішінде **10** мың жағдайға дейін, — деп болжады Ж.Бекшин.

Тамызда коронавирус инфек-



циясының **36 753** жағдайы, ал жыл басынан бері — **118 082** жағдай тіркелді. Екінші аптадағы күнделікті көрсеткіш **1,2%** деңгейінде қалады. Бұл «дельта» опциясының басымдығын растайды. Соңғы аптада «симптомды» наукастардың үлесі өсіп, **94,7%**-ды құрады.

Ж.Бекшин дерттің шарықтау шегі кезінде вакцина жұқтырудың алдын алатынын атап өтті. Бас дәрігер вакцинаны халық көп салдырса, жұқтыру да азаятынын айтты. Сондықтан Алматы қаласының денсаулық сақтау жүйесі күшейтілген режимде жұмыс істеуде.

Сонымен қатар, коронавирусты жұқтыру бұрынғыдай, **20–39** жас аралығындағы азаматтарда жиі — **33,5%**, **40–59** жастағылар арасында — **25,2%** және 60 жастан асқандар арасында — **23,1%**, қалған **18%** балалар және жасөспірімдер арасында анықталған.

Баспасөз-конференциясы барысында қаланың бас санитар-дәрігері қалалықтардың корона-вирусты жиі жұқтыратын жерлерін және қауіп тобындағыларды атады.

Бүгінде жұқтырудың негізгі бес орны бар, олар: сауда объектілері — **32%**, отбасылық байланыс — **16%**, қоғамдық көліктер — **17,1%**, базарлар — **13%**. Жұртшылық азық-түлік базарларында жиі жұқтырады — **9%**. Сонымен қатар, қазіргі шектеулі шаралар мен ұжымдық иммунитетінің артуына орай дерттің **2–3%**-ға төмендегені байқалады.

— Тұрғындар арасындағы инфекциялардың көбеюінің себептері — бұл әлі де көрінбейтін биологиялық қауіпке байланысты халықтың қырағылығының жалпы

төмендеуінен, COVID-19 вирусының «дельта» нұсқасының тез жұғатынын, — деді мегаполистің бас дәрігері.

Сондай-ақ, Ж.Бекшин бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салынғанына қарамастан, заң бұзушылықтардың азаймағанын айтты. Алматының кейбір тұрғындары бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің Қаулысының талаптарын елемей, той, құдалық, мерейтойлық мерекелер ұйымдастыруды тоқтатар емес.

Ж.Бекшин мұндай шаралардың салдарынан қала тұрғындарының өз денсаулықтарына ғана емес, жакындыларының өміріне де қауіп төндіретінін тағы да еске салды.

СЭБД басшысы қала тұрғындары вирустың таралу тізбегін құруды жалғастыра отырып, қала маңындағы аудандарда және жалға алынған коттедждерде отбасылық мерекелер өткізетінін мәлімдеді.

Жалпы, жұқтыру **20** жастан **39** жасқа дейінгі жастар арасында жоғары — **34%**. Бұл олардың үлкен мобильділігіне және иммундау белсенділігінің төмендігіне әрі тығыз байланыста болуына орай орын алуда.

Сөзін қорытындылаған Ж.Бекшин эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру және білім беру ұйымдарында жаңа оқу жылын қалыптастыру үшін Алматыда қолданыстағы шектеу шаралары 31 тамызды қоса алғанда дейін ұзартылғанын атап өтті.

Ол алматылықтарды вакцина салдыруға, өздігінен емделмеуге және «Ashyq» қосымшасын күнделікті өмірде қолдануға шақырды.

СІЗ ЕКПЕ АЛДЫҢЫЗ БА?

«МЕН ЕКПЕ
АЛДЫМ!»Айжан СЕЙТҚАЛИ,
студент:

— Өзімді және туған-туыстарымды вирустан қорғау үшін екпенің екі бірдей дозасын алдым. Екпе алғаннан кейін денсаулығымда ешқандай өзгерістер байқалмады, керісінше өзімді жақсы сезіндім. Жақында ғана тұмауратып қалдым, алайда ауру бұрынғыдай емес, жеңіл түрде өтіп кетті.

Карантиндік талаптарға сай іс-шаралардың басым бөлігін онлайн форматқа көшірдік. Студенттер мен оқушылар кездесулерді сағынады. Шағын топ болып жиналып, іс-шаралар өткізу үшін қала тұрғындары, әсіресе, жастар ұжымдық денсаулықты қолдап, ортақ иммунитетті қалыптастыруға көмектесуі керек. Бұл әркімнің жеке ісі емес, ұжымдық жауапкершілік болуы тиіс.

Баршамыз бірігіп COVID-19-ды жеңеміз деген сенімдемін.

Думан КЕНЖЕҒАЗЫҰЛЫ,
қала қонағы:

— Мен «Спутник V» вакцинасының алғашқы компонентін салдырдым. Әрине, бірінші кезекте өзімнің денсаулығым үшін және еліміздегі індеттің бетін қайтаруға үлес қосу үшін осындай шешім қабылдауды ұйғардым. Негізі, отандық «QazVac» вакцинасын салдыртуды ойлап жүргенмін, мен барған емханада өкінішке қарай, бұл вакцина болмады.

Бастысы, қай вакцинаны салдырсақ та, ауырмайық, індеттен аулақ болайық! Ең алдымен, дәрігердің тексеруінен өтіп, екпе алуға рұқсат алдым. Ел қатарлы кезек күтіп,

нұсқаулықпен танысып, екпе салдырдым. Содан кейін дәрігердің 30 минут бақылауында болдым. Әзірге ешқандай әсері біліне қоймады, уақыт өте байқайтын боламын. Қазір жағдайым жақсы, бірқалыпты. Алдағы уақытта баршамыз екпе алып, бұл індетті жоямыз деп ойлаймын.

Әзірлеген
А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

КОВИД-19: АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ

Аутоиммунды
антиденелердің дамуы
туралы мәлімдемелер негізсіз

«Қазақстандықтар «Спутник V» вакцинасы ауто-антиденелердің пайда болуына және аутоиммундық аурулардың дамуына әкелетіні туралы хабарламалар таратуда.

Препараттың тиімділігі дәлелденбеген, сондықтан оны егу қауіпсіз емес. Бұл — жалған», — деп хабарлайды stopfake.kz.

Бұл туралы ресейлік экономист Михаил Делягин мәлімдеген. Ол дәрігер де, вакциналау немесе жалпы медицина саласындағы маман да емес. Алайда, бұл оған COVID-19 пандемиясына қатысты мәлімдеме жасауға еш кедергі келтірмейді. Мысалы, «Комсомольская правда» радиосының соңғы эфирлерінің бірінде ол вакциналанған адамдардың КВИ жұқтыру мүмкіндігі екпе салдырмағандарға қарағанда **1,5** есе жоғары екенін жеткізді. Бірақ бұл мәлімдеме ресми статистикамен және ғылыми деректермен расталмайды.

Сондай-ақ, Делягиннің айтуынша, COVID-19 ауырған «нөлдік

пациент» Уханьға келген АҚШ әскери қызметші болған. Шындығында, нөлдік науқасты ғалымдар әлі анықтаған жоқ. «Спутник V» вакцинасының тиімділігі дәлелденбеген деген тезистер де ғылыми деректерге қайшы келеді. Препараттың клиникалық сынақтарының үшінші кезеңінің аралық нәтижелері ағымдағы жылдың ақпан айында медициналық рецензияланған The Lancet журналында жарияланды. Мақалада вакцинаның тиімді және қауіпсіз екендігі айтылған. Сынаққа қатысушыларда аутоиммундық аурулардың даму жағдайлары туралы хабарланған жоқ. Бүгінгі таңда «Спутник V» тіркелген және **69** елде жаппай вакциналау үшін қолданылуда. КВИ-ге қарсы егу науқаны басталғаннан бері препараттың қауіпсіз және тиімді екендігі туралы дәлелдер жеткілікті жиналды. Бұл туралы Nature және The Conversation сияқты беделді басылымдар хабарлады. Сондай-ақ, ғалымдар «Спутник V» вирустың әртүрлі

нұсқаларына қарсы тиімділігін анықтау үшін егілген адамдардың қанын алып зерттеген зерттеулер бар. Делягин айтқан аутоиммунды антиденелердің дамуы туралы ғылыми еңбекте айтылмаған.

Сонымен қатар, ғалымдар КВИ-ге қарсы вакциналардың ешқайсысының, соның ішінде РНҚ мен векторлық препараттардың аутоиммунды аурулардың дамуы арасындағы байланысты таппады. Бірақ COVID-19 ауырған вакциналанбаған адамдарда аутоантиденелердің болуы туралы бірден бірнеше ғалымдар тобы хабарлады. Демек, Михаил Делягин медицина және вакциналау саласындағы сенімді дереккөз емес.

«Спутник V» вакцинасының дәлелденбеген тиімділігі мен препараттың аутоиммунды ауруларды тудыруы туралы мәлімдемелер негізсіз және қолданыстағы ғылыми мәліметтерге қайшы келеді.

Дайындаған
Айгерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

МОНИТОРИНГ

Той тойлау
тоқтар емесАқтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Шаһарда мониторинг топ өкілдері күшейтілген режимде жұмыс істеуде. Олар **21–23** тамыз аралығында ойын-сауық мекемелері, кафелер, мейрамханалар, караоке, барлар, сауда орталықтарын, атап айтқанда, «Ashyq» жобасы аясында жұмыс істейтін кәсіпкерлік субъектілерді тексерді.

COVID-19 індетінің өршіп тұрғанына қарамастан әлі де той тойлаудан, көпшілік жиі бас қосатын орындарда көңіл көтеруден тыйылар емеспіз. **21** тамызда сағат **19.00** шамасында тыйым салынғанына қарамастан, Әуезов ауданы, «Ақсай-4» шағынауданында «Достар» мейрамханасы жұмыс істеп, онда **150** қонақтың қатысуымен іс-шара өткен. Дәл сол күні Наурызбай ауданының тексерушілері кешкі сағат **17.10** шамасында «Ақжар» шағынауданындағы

«Самир» мейрамханасында **80** келуші болған заң бұзушылықты анықтаған.

Тағы бір банкет жасырын түрде Наурызбай ауданы, Дрозды көшесіндегі жеке үйде өткен, онда **30** қонақ болған. Тексерушілер хабарлағандай, мұнда құдалық болып, кейін тоқатылған. **22** тамызда Алатау ауданында тексерушілер «Фируза» мейрамханасының ашылғанын және **40** қонақтың болғанын анықтады. Наурызбай өңірінде **60** келушінің қатысуымен іс-шара өткізілгенін, «Нұр-Ай» мейрамханасында карантиннің бұзылуы тіркелгендігін анықтаған.

Алматыда патрульдік авто-экипаждар ойын-сауық мекемелерінің жанында кезекшілік жасауда, мұндай шарамен барлығы **150**-ге жуық нысан қамтылған.

Осылай бей-берекет, ойын-сауық құрып жүре беретін болсақ, коронавирус індетіне тосқауыл бола алмасамыз анық. Талап-ережеге құлақ асайық, ағайын!



Бүкіл «есікті» ашып беретін амал



Өзін-өзі дамыту саласындағы мотиватор, коучтардың жиі айтатын бір амалы бар. Ол – шүкіршілік күнделігі. Таңертең немесе ұйықтар кезде «бүгін не үшін шүкіршілік айтасың, соны тізіп жазуды әдетке айналдыр. Саған жақсылық келу үшін сен өзіндегі барды бағалай білуің керек, сонда саған үлкен бақыт үйір болады» деп үйретеді.

Дәл осы амалды өмірдің барлық саласында биіктерді бағындырып, айтарлықтай жетістікке жеткен адамдардың бәрі құптайды әрі өздері де соған әдеттенген. Ал исламда бұл нәрсе бұрыннан бар. Яғни «шүкіршілік етсеңдер арттыра түсемін» дейді Жаратушы Алла. Бірақ біз бен сіз шүкіршілік айтуды білеміз бе, айтып жүріміз бе? Қаншалықты мән береміз?

Жақында белгілі бір маман «қазіргі адамдар бәрін беске біледі, бірақ орындауға келгенде құлықсыз. Сол үшін әрбір білім іспен орындалғанда ғана ол жемісін береді» деген еді. Психология, өзін-өзі дамыту саласының мамандары талмай айтып жүрген шүкіршілік жайында ислам дінінде не айтылған?



«Мектепке дайынбыз»



Динара
МҰРАТ

Ештеңеге бей-жай қарамайтын алматылықтар оқу жылының басында мұқтаж отбасылардың балаларына қажет құралдарды жинауға көмектесуде.

«Мектепке жол» акциясы аясынан біз де шет қалмадық. «Alatau Aqparat» ЖШС-не көп балалы ана Раиса Савельевадан хат келіп түскен болатын.

– Менің екі қызым мен үш ұлым бар. Қазір оларды мектепке дайындауға шамам жетпейді. Көп қаражат керек. Алдымен көмек сұрап мектепке барғанмын, бірақ олар қолұшын созбады. Ақыры, осы мәселе жөнінде сіздерге жазуды ұйғардым, – деп мұның шақты көпбалалы ана.

– Мені елеп-ескерер деп үміттенгенмін. Мен сіздердің газеттеріңіздің тұрақты оқырманымын. Instagram парақшаларыңызға да жазылғанмын. Көрсетіп жатқан көмектеріңізге куәмін. Мен сіздердің ұйымдарыңызға оқу құралдары түріндегі баға жетпес сыйлық үшін ризашылығымды білдіремін, өте қуаныштымын.

Енді Савельевтер отбасының оқушылары оқу жылын бастауға, білім алуға дайын.

– Бір баланың өзін мектепке дайындауға 100 мыңнан астам ақша кетеді, менің күйеуімнің бір жалақысына қарап отырмыз. Әрине, біз балаға мүгедектік бойынша жәрдемақы аламыз. Менің қызымда көбелек синдромы бар. Оның терісі өте нәзік, дені сау адам үшін түк емес зақым менің қызым үшін ауыр зардаптарға әкеледі. Ай сайын арнайы жақпа майлар мен дәрілерге қыруар қаражат кетеді. Біз кез келген көмекке разымыз және көмек көрсетемін деушілерге алғысымыз шексіз. Сіздерге тағы да рахмет!

Савельевтер отбасына көмектескісі келетіндер біздің редакцияға хабарласып, олардың байланыс телефондарын ала алады.

Суретті түсірген
Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

МАМАН КЕҢЕСІ

Рауан ЧИНГУЖАНОВ,
исламтанушы, теолог:

– Алла Тағала бізге миллиондаған, көптеген сезім берген. Соның ішінде кейбір сезімдерді дұрыс қолдансақ, ол берекенің, нығметтің, ризықтың есігін ашады. Өзімізге берілген сезімдерді дұрыс қолдансақ, Құдай Тағаланың берекеті артып, Алла Тағаланың Раззақ есімі жарқын көріне бастайды. Бүгінгі әңгімеміз шүкіршілікке арналады. Егер шүкіршілікті дұрыс қолдансақ, бұл дүниеде ашылмайтын есік қалмайды. Жаратушы Алла Құранда: «Егер құлдарым хақысын беріп, шүкір етсеңдер, Мен сендерге міндетті түрде арттырып беремін» дейді. Алла Тағала еселеп беретінін аяттың арабшасында күшейтпелі шыраймен айтып тұр. Мәселенің бәрі бізге байланған. Берекеттің бәрі аспаннан келіп тұр. Оны көбінесе біз ішкі жағдайымызбен итеріп жатырмыз. Шүкіршілік дегенді біз ақылмен ойлауымыз керек дейді ғалымдар. Құдай Тағала көз берді, денсаулық берді. Егер жаһандық нығмет дейтін болсақ ауа берді, табиғат берді, тау берді, егер кишкентай абстрактылы нығмет дейтін болсақ, туған туыстарымыз, бала-шаға дегендей сансыз нығмет бар. Егер Алла-

ның нығметін санар болсақ, сан жетпейді. Мәселен, күніне бес минут болсын, «Алла Тағала маған бүгін қандай нығмет берді» деп ойлануымыз керек. Сол шүкіршілікті айтқан кезде іштен сезім шығады да, тіл арқылы шүкір ете бастаймыз. Сонда «Аллаға шүкір» деген сөз іштен, жүректен шығады. Ораза ұстау, намаз оқу, зікір айту дегендей ғибадат істеу арқылы іспен шүкіршілік етеміз. Ең маңызды төртінші жағдай, ол ішкі күй, халмен (состояния) шүкір айтуымыз. Ол біздің рухымыз, жанымыз бен жүрегіміз. Мәселен, Алланың бергенін көріп, разы болып, қатты қуанған кезде бір жылағың келіп, жүрегің толып шүкіршілік етесің ғой. Міне, шынайы шүкіршілік осындай болады. Нығметтерді көру кезінде де осындай күйде жүрсек, міне, адамдағы дәл осы ішкі күй оған ризық пен берекенің есігін ашады. Көп жағдайда біз өзімізге келіп тұрған берекеге күпірлік келтіреміз. Құдайдың берген нығметін көрмейміз, бағаламаймыз. Егер шүкіршілікпен қабылдасақ, Алла одан сайын арттырады. «Сендер шүкір етсеңдер, мен сендерге арттырып беремін» дейді. Алланың қазынасы бітпейді. Бұл жердегі мәселе – сұрақ өзімізге байланған.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Адам баласы ғана емес, табиғаттағы бүкіл жаратылыс шүкіршілік жасайды. Құмырсқасынан бастап, ауа, тау, жер дейсіз бе, бәрі Жаратушыға мадақ айтады. Құранда ол жайлы: «Жердегі және көктегілердің барлығы Аллаға таспих айтады. Олардың таспихтарын сендер түсінбейсіңдер» дейді.

Бір сахабаның «Иә, Алла, мені аздардың қатарынан қыла көр» деп дұға етіп отырғанын естіген бір адам: «неңің азын сұрап отырсың?» дейді. Сонда сахаба: «Менің құлдарымның арасынан шынайы шүкіршілік ететін құлдарым өте аз болады» деген аят бар Құранда. Мен сол ақиқи мағынада шүкіршілік жасайтын аз құлдарының қатарынан болғым келеді деп дұға жасап отырмын дейді.



Ғылым да дәлелдеді

АҚШ-тың Филадельфия қаласындағы Томас Джефферсон атындағы университет емханасының дәрігері Эндрю Ньюберг намаз бен медитацияның миға әсерін зерделей келе, өзгеше тұжырымға келді. Бұл жайында islam.kz порталы islamnews ақпарат көзіне сілтеме жасай отырып мәлімдеді. Маман бұл тарапта адам миының намаз кезінде және намаздан кейін қандай күйде болатынын зерттеген. Арнайы құрылғы арқылы ол имам, тибет монахы және атеистің миын сканерлеуден өткізеді. Осы орайда адам анатомиясынан аз-кем мағлұмат бере кеткенді жөн көріп отырмыз (оқырманға кеңінен түсінікті болуы үшін): Адам миы алты бөліктен тұрады, оның үштен көбісі маңдай тұста орналасқан. Маңдай тұстағы бөліктер дүниені тану, ойлау, тілдесу секілді тұлғалық қасиетін қалыптастыратын маңызды функция атқарады. Маңдай тұстағы ми бөліктері адамның жасына қарай болатын өзгерістерден көп зардап шегеді. Эндрю Ньюберг жүргізген зерттеу нәтижесі құлшылық кезінде маңдай тұстағы ми бөліктерінің белсенділігі артатынын көрсетіп берді. Дәрігер намаз кезінде адамның ми қызметінің белсенділігі оның өзге адаммен тілдескен кездегідей белсенділікке ие болатынын алға тартып отыр. Ал медитацияға келсек, мұндай нәтиже көрсетпеген. Атеистің миын медитацияға дейінгі, медитация кезіндегі және медитациядан кейінгі күйін зерделеу үшін сканерлеуден өткізгенімен, ол бір қалыпты күйден танбаған. Осылайша ол медитацияның адам организміне қандай да бір елеулі әсері болмайтынына көз жеткізген. Ал намаз алжу (деменция), Альцгеймер, т.б. секілді аурулардың алдын алуға көмектесетінін алға тартып отыр.

Амал пайдасын бермейді, егер...

Дана кісілердің бірі былай деген: Кімде-кім алты нәрсені амалға асырғанымен, алты нәрсені тарк етсе, оған амалының пайдасы тимейді. Олар төмендегідей:

Алладан қорқамын дегенімен, күнәдан сақтанбайды. Яғни «мен Алланың азабынан қорқамын» дегенімен, күнәларынан тыйылмаса, оның «Алладан қорқамын» дегені пайдасын тигізбейді.

Үміт етеді, бірақ талап қылмайды. Яғни «мен Алланың сауабынан үмітім бар» дейді, бірақ ізгі, сауапты істер істемейді. Ондай құр сөзінің пайдасы тимейді.

Ниет бар, бірақ ұмтылыс жоқ. Жүрегімен ізгі істер істеу мен қайыр жасауды ниет етеді, бірақ оларды істеуге оқталмайды. Мұндайда құр ниеттің ешқандай пайдасы жоқ.

Дұғасы бар, бірақ талпынысы жоқ. Алладан жақсылыққа бастауын тілеп, тауфиқ сұрағанымен, бірақ өзі әрекет етпесе, оған дұғасының еш-

қандай пайдасы тимейді. Алла Тағала жақсылыққа бастап, тауфиқ беруі үшін адам баласы өзі талап қылып, ұмтылуы керек.

Алладан кешірім сұрайды, бірақ өкініш білдірмейді. «Алла күнәмді кеш» дейді, алайда жасаған күнәсі үшін іштей өкінбейді. Өкінішсіз, құр ғана «Алла кеш» деген сөзінің пайдасы болмайды.

Көрнеуде жақсы, бірақ жасырын кезде емес. Яғни көзге түсетін жерде жүріс-тұрысы, әрекеті жақсы, дінге қайшы емес. Алайда, оңаша кезде, елдің көзінен таса қалғанда, әрекеті дінге қайшы. Оның көрнеуде жақсы болуы пайда әкелмейді.

Аталмыш алты нәрсеге қосымша жетінші бір нәрсені де айта кетелік.

Амал бар, бірақ ықылас жоқ. Алланың бұйырғанын орындағанымен, амалдарын тек Алла Тағалаға арнамайды. Сондықтан амал ықылассыз болса, оның оған пайдасы жоқ. Онысы өзіне тым сенімді екендігінің белгісі.

Әлемдік нарық адал асқа көше бастады

Америкалық Renub Research зерттеу компаниясы күллі әлем бойынша халал индустриясының жай-күйіне шолу жасап, даму қарқыны мен динамикасын зерделеген. Соның нәтижесіне сүйене отырып олар 2027 жылға қарай шарият талаптарына сай әзірленген тағам өнімдерінің нарығы 11%-ға өсетінін болжаған. Сарапшылардың топшылауынша, халал индустриясы әлемнің барлық түкпірінде жер-көкті жайлап, жолындағысын жайпаған жұқпалы індетке байланысты қолға алынған шектеу шараларына қарамастан тұрақты дамып келеді. Бұған ең алдымен, әлемде мұсылмандар қарасының жылдан-жылға көбейіп келе жатқаны әсер етіп отыр. Соның ішінде аймақтар бойынша алсақ, халал өнімдерді тұтыну көрсеткіші ең жоғары аймақ – Оңтүстік-шығыс Азия. Өйткені, бұл аймақта әлемдегі мұсылмандардың үлесі 62%-ды құрайды. Renub Research мамандары атап өткендей, халал өнімдер тек мұсылмандар арасында ғана емес, сонымен қатар, наным-сенімі бөлек тұрғындар арасында да танымалдығы артып келеді. Дегенмен, халал азық-түлік нарығында негізінен жергілікті өндірушілер үлесі көп, алайда, олар аймағына қарай ерекшеленеді. Бұдан бөлек, әлемге әйгілі компаниялар да халал нарығының болашағының жарқын екеніне сенім білдіріп, инвестиция құя бастаған.

Дайындаған Әсел ДАҒЖАН.



ҚҰРСАУСЫЗ ӘЛЕМ



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Осыдан үш-төрт жыл бұрын, студент кезде біздің топтағы кейбір сабақтар Ауғанстаннан келген 5 ауған баласымен өтетін. Бірде шет тілінен беретін мұғалім топтағы 20 шақты студентті топ-топқа бөліп, тапсырма берді. Ол тапсырма әр топ өздері қалаған қандай да болсын бір мемлекетті алып, әлеуметтік желідегі бейнероликтер немесе әртүрлі тың ақпараттар арқылы сол ел туралы бәрімізді жан-жақты таныстыру еді. Мұғалім мысал етіп Қазақстанды өзі таныстырып, үлгі ретінде көрсеткендіктен, «таныстырылатын мемлекеттер қатарына елімізді қоспаныздар» деп шарт қойды.

Біріміз Түркия, Канада, Еуропа мен Азия деп бөліп алған елдерді кезек-кезек тақтаға шығып таныстырдық. Қатарынан 3 сағатқа созылатын сабақтың соңғы минуттарында ғана топтағы ауғанстандық 5 студентке кезек келді. Олардың тапсырмаға дайындап келген мемлекеті – өз Отаны, яғни Ауғанстан екен. Сабақ басталар-басталмастан соңғы қатардағы парталарға отыруға ұмтылатын, сабақ оқуға зауқы жоқ студенттердің өзі ауған студенттер Ауғанстан туралы таныстыра бастағанда-ақ бір сәтте жым-жырт болып тына қалды. Себебі, бұл ел бәрімізге қызық еді. «Ауызбірліктің жоғынан тұтастай үрейге айналған елді қалай таныстырар екен?» деп ойлап қоямыз. Былай қарасаңыз, «барын бағалай білмеген мемлекеттегі соғыс пен ішкі алауыздықтан басқа нені таныстыруы мүмкін?» деген сұрақ сізді де ойландырып тастауы ғажап емес. Бірақ біз күткен, бізге таныстырған Ауғанстан тіптен бөлек болды. Білесіз бе, олар «соғыс» деген сөзді мүлдем аузына алған жоқ. Құдды бұл ел жер бетінде пайда болғалы соғыс көрмеген, жер дауы – ауған дағдарысы болмаған іспетті. Егер Ауғанстан туралы хабарсыз адам ауған студенттерін тыңдаса, дәл осылай ойлайтынына шүбә келтірмеймін. Иә, ауғандық студенттер таныстырған Ауғанстан ертегідегі немесе ойдан құрастырған мемлекет деп те айта алмаймын. Осы жерде «Табиғатын, салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін жоғары деңгейде таныстырған отансүйгіш ауғандықтар секілді біздің де шет елде оқитын қандастарымыз дәл осылай елімізді әлем қызығатындай етіп таныстыра алар ма еді?» деген сұрақ еріксіз туындайды.

М.Форсердің режиссерлігімен түсірілген «Жел соңынан жүгіруші» атты фильмде Ауғанстандағы ахуалды тым әсірелеп бергеніне осы кезде көз жетті. Ауған саясатын, елдің бүгінгі ахуалын азды-кем іліммен түсіндіру қиын. Егер тарих беттерін парақтасак, бұл мемлекеттегі қазіргі болып жатқан кикілжіңдер мен тұрақсыздықтың артында талай жылғы билік үшін тартыс пен ішкі алауыздықтың барын түсінеміз. Себебі, бір сәтте әлем назарын аударған бұл оқиғаның тамыры өте тереңде жатыр.

АУҒАНСТАН

Әлем назарындағы дүрдараздық



МАМАН ТАЛДАУЫ

Ауған жеріндегі қазіргі ахуал қашан қалыптасты?



Болат САЙЛАН, тарих ғылымының докторы, профессор, Ауған соғысының ардагері:

– Соңғы кездері Ауғанстандағы жағдай біраз айтылып та, жазылып та жүргені мәлім. Бұл елдің тарихына сәл әрірек тоқталсақ, Кеңес әскері он жыл бойы 1989 жылғы ақпанға дейін Ауғанстан территориясында соғыс жүргізді. Ауғанстан сол кездің өзінде шеттен келген әскердің мемлекетке кіргенін қаламады. Бұл күрес кәпірлерге қарсы күрес деген ортақ идеология ғана ұстап тұрды. Ауған соғысы өткен сол он жылда қаншама адам оңат болды.

1989 жылы Кеңес Одағы Ауғанстан территориясынан кеткеннен кейін ол жерде 1996–2001 жылға дейін тәліптер билікке келіп, Ауғанстан нағыз террористік ұйымдардың ошағына айналды. Жергілікті халыққа қатты қысым көрсетіп, «исламдық-әмірлік мемлекет құрамыз» деген саясатын жүргізді. 2001 жылы 11 қыркүйекте АҚШ-та үлкен террорист болғаны тарихтан белгілі. АҚШ бұл террористік әлемдегі ең бірінші лаңкес-террорист Усама Бен Ладеннен көріп, оны табу жөнінде бұйрық берді. Оның Пәкістан мен Ауғанстан тауларының арасында жасырынып жүргенін АҚШ барлау қызметкерлері анықтады. Осылайша 2001 жылы 1 желтоқсанда АҚШ-тың десантуралық әскері Кабулға кіргізілді. 2001 жылдан бастап 2021 жылға дейін АҚШ жиырма жыл Ауғанстанда өзінің әскерін ұстады. Кеңес Одағы Ауғанстаннан әскерін шығарғаны жөнінде он жылдан кейін, ал АҚШ жиырма жылдан кейін бүкіл әлемге мәлімдеді. Ұқсастық сол.

Бүгінгі ақпарат легінен әлем назары Ауғанстанға ауып тұрғанын аңғару қиынға соқпайды. Алақандай ғана мемлекетте алып мемлекеттердің өзі сескенетіндей соғыс болды.

Ауғанстан. Бұл сөзді естігенде менің ойыма бірден оралатын сөздер сіздің де санаңызда тұрған шығар?! Терроризм. Соғыс. Есірткі. Талибан. Тау мен тас. Бұл тіркестің қатарынан құлаққа түрпідей тимейтіні – тек соңғы сөздер ғана. Дамыған мен дамушы мемлекеттердің өзін алаңдатып отырған осынау Ауғанстан туралы менің де пікірім тек осы сөздермен ғана теңесетін. Бірақ бірнеше жыл бұрын бұл мемлекетке деген ойым да, пікірім де өзгерген-тін. Неге дейсіз ғой?!

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Ауғандардан бізге төнер қауіп бар ма?



Өміртай БІТІМОВ, Қазақстанның Ауғанстандағы бұрынғы Төтенше және Өкілетті елшісі, саясаттанушы:

– Тәліптер бұрын басқа радикалды ағымдарға рұқсат берген еді. Қазір «көршілерге ешқандай қауіп төндірмейміз, елдерге қарсы шығатын ағымдарға рұқсат жоқ» деп уәде берді. Яғни Орта Азияға зиян келтірмейтіндерін, ауған халқының, әйелдер мен балалар құқығын таптамай, мектептер мен оқу орындарын жаппайтындығын мәлімдеді. Бірақ уәделерін орындай ма, жоқ па, оны уақыт көрсетеді. Елде осы кезге дейін үздіксіз болған терроризм, жарылыстар тыйылды. Бұрын осындай алауыздықтарды тәліптер жасайтын, ал қазір өздері билікке келгеннен кейін ел тынышталып қалды.

Қазір жиырма жыл бұрынғыға қарағанда қоғамның өзі өзгерді. Тәліптердің үстемдігіне көне салатын ауған халқы қараңғы емес. Ауғанстандағы халыққа Талибанның өзі қысым көрсете алмайды. Кезінде тәліптер елдің үш түстен тұратын мемлекеттік туын өзгертетіндерін мәлімдеп, халықты ұрып-соғып, неше түрлі озбырлық көрсетті. Бірақ ауған халқы жаппай қарсылық танытқаннан кейін Талибан түк істей алмай қалды.

Экономика, сауда жағынан қарым-қатынасымыз бұрынғыдай болады.

Бүгінде Ауғанстанның 30-дан аса провинциясы тәліптердің қолына көшті. Талибан – Қазақстанда тыйым салынған террористік, экстремистік ұйым. Сондықтан қазір бүтін бір Ауғанстан тәліптердің қолында десек болады. Ауған халқы, басқа да әлемдік қауымдастық, халықаралық деңгейдегі басқа да сырт мемлекеттер тәліптердің мемлекетті басқару саясатына күмәнмен қарайды. Неге десеніз, олар 1996 жылы билікке келіп, берген уәделерін орындаған жоқ. Қазір де біршама уәделер беруде. Әсіресе, әйелдер, балалар мәселесіне келгенде алаңдайтын жағдай болып тұр.

Жалпы, тәліптерді қару-жарақпен қамтамасыз етіп отырғандар кімдер? Тәліптерге қаруды жеткізу тоқтамайынша соғыс тоқтамайды. Алып мемлекет АҚШ-та Ауғанстанға төтеп бере алатын әскери күш жоқ болуы үлкен сын.

Ауғанстан Орта Азия елдерімен көршілес. Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан секілді шекаралас мемлекеттер алаңдаулы. Өйткені, олар да мұсылман мемлекеті. 1996 жылы тәліптер билікке келген кезде бес мемлекет ұжымдық қауіпсіздік шартын қабылдаған. Орта Азияға тәліптерден қауіп төне ме, төнбей ме дегенге алаңдаудың қажеті жоқ. Бірақ «жау жоқ деме, жар астында» демекші, көршінің бақшасы өрттенсе, ол өрт келесі көршінің бақшасына өтіп кетуі мүмкін. Дегенмен, Қазақстанға тікелей төніп тұрған қауіп жоқ. Сондықтан Орта Азия қауіпсіздік мәселесін қатаң ұстану керек деп санаймын. Талибан ұйымы Ауғанстанның 30-дан аса провинциясын басып алғанмен, әлі Панджшер провинциясына кірген жоқ.

Шындығында, Еуропаның дамыған мемлекеттерінде өмір сүріп жатқан қазақтар – Ауғанстаннан барған қазақтар. Түркия, Пәкістан, Үндістан арқылы сол жаққа жеткен. Ендігі мәселе – Ауғанстандағы қазақтарды елге әкелу маңызды мәселе болып тұр. Ол елдегі қазақтардың кейбірінің қазақ екендерін дәлелдейтін мүлдем құжаттары жоқ, кейбірі қазақ болғанымен, тілін, ұлтын ұмытқан. Міне, осындай жағдайлар қазақтарды елге алып келуге қатты кедергі болуда. Сондықтан осы мәселенің тетігін табу керек. Бұл – халықаралық жағдай болғандықтан, мәселені тек заңдылықтарға сүйене отырып реттеу керек.



ТҰЛҒАТАНУ

Қазақтың тұңғыш құқық магистрі



Биыл қоғам қайраткері Жақып Ақбаевтың туғанына – 145 жыл. Абай ауылымен қоңсы қонып, жастайынан ұлы ақынның өлеңдерін жаттап өскен ол, 1909 жылы Абай жырларының Петербургте кітап болып шығуына қолғабыс жасады. Алашорда қозғалысына белсене қатысты.

«Жақып Ақбаевтың сол кезеңдегі қызметі, біріншіден, ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамында өмір сүрген алдыңғы қатарлы ойшыл қайраткер ғана көтеріле алатын ең жоғары саты болды. Екіншіден, оның бұқара арасында жүргізген үгіт-насихаты уақытша болса да жетістікке жеткізген жалғыз адамның революциялық жұмысы болды», – деп тұжырымдаған еді ол туралы белгілі академик С.Зиманов.

Жақып Ақбаев 1876 жылы Семей облысына қарасты сол кездегі Қарқаралы уезі, Берік-қара болысының №3 ауылдық Төңіректас деген жерінде дәулетті отбасында дүниеге келді. 1886–1889 жылдары Қарқаралы қаласындағы қазақ интернатында оқиды. Содан кейін 7 жыл Омбы гимназиясында, 1 жыл Томск гимназиясында дәріс алады. 1903 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін 1-дәрежелі дипломмен бітіріп шығады. 1903–1905 жылдары Омбы сот палатасында, округтік сотта қызмет етеді. 1905 жылғы тамызда Омбы қаласындағы 2-учаскенің бітімші соты болады.

1905 жылы 17 қазандағы патша манифесінен кейін жер-жерде бостандық, теңдік, сөз еркіндігі жөнінде қызу пікірталас, митингілер өтіп жатты. Осындай митинг, шерулер 19 қазанда Омбы қаласында өтіп, онда Жақып Ақбаев белсенділігімен көзге түсіп қалады. «Үкіметке тіл тигізгені» үшін қызметінен қуылғанына қарамастан, ол Кереку қаласы, Баянауыл станциясында жиындар өткізіп, патша режимін шенеген сөз сөйлейді.

Ал 15-16 қарашада Қарқаралы қаласында өткен үлкен жиындағы жалынды сөзі үшін патшаның жергілікті әкімшілігі «мемлекеттік қылмыс істеп, опасыздық жасады» деп

Жақып Ақбаевты 1906 жылғы 11 қаңтарда тұтқындап, Семей түрмесіне жөнелтеді. Міне, осы кезден бастап Ақбаев патша және Кеңес өкіметі кездерінде үнемі қуғын-сүргін көріп, абақтыдан көз ашпады деуге болады. Жетісу облысының Қапал уезіне 2 жылға жер аударылады. Қайда жүрсе де ол патша шенеуніктерінің паракорлығын, халыққа жасаған озбырлығын үнемі әшкерелеп отырды.

1907 жылдан Орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесіне мүше болды. Осы кезеңде Жақып Ақбаев Семей, Сырдария округтік губерниялық соттарында лауазымды қызметтер атқарған. 1917 жылдың 21–28 шілдесінде Орынборда өткен бүкілқазақ съезіне қатысады. Алашорда үкіметінің мүшелігіне еніп, онда 26,5 мың адамнан құралған тұрақты әскер құру идеясын көтереді.

Кеңес өкіметі орнаған соң ол Семей губревкомының заң бөлімінде жұмыс істеп, оның етене араласуымен «губерния бойынша сот-тергеу учаскелері» құрылады. Біраз уақыт Семей кеңестік халық сотының мүшесі болады, Қарқаралы уездік халыққа білім беру бөлімінде және Семейде әртүрлі қызметтер атқарады.

1928 жылы голошекиндік жаппай саяси айыптаулар мен зобалаң кезең басталғанда елден тысқары кетуге мәжбүр болады. Сырдария округтік адвокаттар алқасының мүшелігіне өтеді. Көп ұзамай «теріс» көзқарастары үшін бұл қызметтен де шеттетіліп, Жамбыл облысы, Шу ауданы, Новотроицкое селосында тұрып, ғылыми-шығармашылық жұмыспен шұғылданады.

Ж.Ақбаев басқа да Алаш қайраткерлері сияқты сталиндік зобалаңға түсіп, 1932 жылдың сәуір айында Воронеж облысына 5 жылға жер аударылады. Айдаудағы ауыр азаптан денсаулығы әбден нашарлаған оған рақымшылық жасалады. Мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға емделуге рұқсат алады. Ғалым 1934 жылы 4 шілдеде өмірден өтті.

Жалпы, Жақып Ақбаевтың өмірі мен қызметі Алаш зиялыларымен үндес. Ол қазақтың әдет-ғұрып заңдарын, соның ішінде отбасы-неке құқығын зерттеп, баспасөз бетінде зерделі публицистикалық материалдар жариялады. Қазақтың әдет-ғұрып, неке-отбасы мәселелері туралы көптеген еңбектер қалдырды. «Қазақстандағы семья-неке қатынастары» (1907), «Қазақтың шығу тегі туралы» (1927) тағы басқа ғылыми зерттеулері бар.

Жақып Ақбаев Қазақ КСР Жоғарғы сотының 1958 жылдың 28 ақпандағы шешімімен толық ақталды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: Уикипедия – ашық энциклопедиясы).



Этнографтардың пайымдауынша, әлемде 2,5 мыңнан аса ұлт бар екен. Бірақ Біріккен Ұлттар Ұйымының қатарында бүгінде 193 мемлекет қана бар. Әрине, БҰҰ құрамына тек Тәуелсіздігі танылған мемлекеттер ғана мүше бола алатыны белгілі. Енді әлемде тәуелсіздігі танылмаған қанша мемлекет барын осыдан-ақ бағамдай беріңіз. Тіпті, 50 миллионнан аса халқы бар күрдтер де, 20 миллионнан аса ұйғырлар да әлі күнге дейін дербес ел бола алған жоқ. Шотландиялықтар да Ұлыбританиядан тәуелсіздігін алғысы келеді. Олар тәуелсіздікке қатысты референдум өткізуді жоспарлап отыр. Венеция халқының да Италиядан бөлінгісі бар. Бавария Германиядан тәуелсіздік алғысы келетінін ашық жеткізіп жүр. Корнуолл халқы, Джерси аралы Ұлыбританиядан дербестікті аңса, Палестина халқы Израильден бөлініп, егеменді ел болғысы келеді. Австрияның қарамағындағы чехтар, словактар, т.б. ұлттардың кейбірі автономия сұраса, енді бір ел дербес мемлекет атануды аңсап жүр. Санамалай берсек, әлемде тәуелсіздігін ала алмай жүрген, азаттықты аңсап, дербестікке қол жеткізе алмай жүрген елдер өте көп. Онымен қоса, тәуелсіздік алғанымен, оны мойындата алмай отырған мемлекет те қаншама?! Мәселен, Африка құрлығында Сомали территориясындағы Сомалиленд, Пунтленд, Галдумуг, Нортленд елдері, Пәкістандағы Вазиристан, Мьянмадағы Шан және Ва елдері өз тәуелсіздігін мойындата алған жоқ. Кейбір елдердің тәуелсіздігі әлемдік қауымдастықтың бір бөлігінің тарапынан мойындалды. Мысалы, Сахара араб демократиялық республикасын – 49 ел, Палестинаны – 97 ел, Косовоны – 60 ел, Тайваньды – 23 ел, Абхазия мен Оңтүстік Осетияны екі ел ғана мойындап отыр. Ал кейбір елдер өзара бір-бірінің тәуелсіздігін мойындамайды. Израиль мемлекетінің тәуелсіздігі көптеген Араб елдерінің тарапынан таныла қойған жоқ. Сол секілді, Қытай Тайваньның, Чехия мен Словакия Лихтенштейннің, ал Лихтенштейн Чехия мен Словакияның тәуелсіздігін мойындай қойған жоқ.

Әлгінде айтқандай, әлемде 193 мемлекет бар. Оның үстіне, АҚШ, Канада, Жаңа Зеландия, Австралия секілді елдер ұлттың негізінде емес, жан-жақтан жиналған эмигранттардың есебінен құрылған. Сондықтан тәуелсіз

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Еркебұлан ҚАЛИҰЛЫ,
тарих пәні мұғалімі:

Ұлт мәселесіне назар аудару қажет

Кез келген мемлекет тәуелсіздігінің үш тағаны бар. Олар экономика, саясат, идеология. Ошақтың үш бұтындай осы үш тағанның бірі болмаса, тәуелсіздік әлсірейді. Қазір экономикамыз бен саясатымызды жүйеге келтіріп алдық. Енді басым бағытты идеологияға бұратын кез келді. Идеологиядағы ұлт мәселесіне көбірек назар аударуымыз қажет. Себебі, кейбір көрші мемлекеттеріміз экономикалық мәселелері әлсіз болғанымен, идеологиялық бағытта айтарлықтай жұмыстар атқарып жатыр.

Тұралы НҮРБЕКҰЛЫ,
қала тұрғыны:

Рухымызды биіктеткеніміз жөн

Меніңше, 30 жылдың ішінде тәуелсіздігімізді нығайту мақсатында көптеген жұмыстар атқарылды. Бұл орайда айтарлықтай жетістікке жете алдық. Енді сол игі істерді жалғастырып, Мемлекет басшысының идеясын қолдауымыз керек. Халық осы мақсатта бірігіп, бірлесе жұмылса, тәуелсіздігіміздің барлық қыры нығая түседі. Егемендіктің тұғыры биіктеп, тәуелсіздігіміз мәңгілік болады. Онан кейін тәуелсіздік ұғымы ұрпақ санасына мәңгілік қашалып қалуы үшін рухымызды биіктеткеніміз жөн. Рух дегеніміз – біздің тіліміз, рух дегеніміз – біздің іскерлігіміз. Сондықтан да рух арқылы салт-дәстүрді дамытып, өзге елдермен терезесі тең елге айналғанымызды түсінетіндей дәрежеге жетсек деймін.



**Серік
ЖҰМАБАЕВ**

